



«Мемлекеттік жастар саясатының ахуалы: қажеттіліктері мен әлеуметтік тәжірибесі»

**Әлеуметтік зерттеулердің нәтижелері
бойынша талдамалық есеп**

Мемлекеттік жастар саясатының ахуалы: қажеттіліктері мен әлеуметтік тәжірибесі / Даутов А.Т., Аюпова Р.Р., Башарина Т.В., Аубакирова Ш.К.– Астана: «Жастар» ҒЗО, 2016. – 167 б.

Баяндама Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тапсырысымен жүргізілген: «Мемлекеттік жастар саясатының ахуалы: қажеттіліктері мен әлеуметтік тәжірибесі» әлеуметтік зерттеу нәтижелеріне негізделген. Мемлекеттік жастар саясатының даму процесстері, Қазақстанның жастарымен қабылдануы, жас қазақстандықтардың өзін-өзі басқару және елдің қоғамдық-саяси өміріне белсенді қатысуы, өзін-өзі ұйымдастыруы зерттеулерінің нәтижелерін ұсынады.

© «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы», 2016

Состояние государственной молодежной политики: потребности и социальные практики / Даутов А.Т., Аюпова Р.Р., Башарина Т.В., Аубакирова Ш.К. – Астана: НИЦ «Молодежь», 2016. –167 с.

Данный доклад основан на результатах социологического исследования «Состояние государственной молодежной политики: потребности и социальные практики», проведенного по заказу Министерства образования и науки Республики Казахстан. Представляет собой результаты исследования процессов развития и восприятия казахстанской молодежью государственной молодежной политики, готовность молодых казахстанцев к самоорганизации, самоуправлению и активному участию в социально-политической жизни страны.

© Научно-исследовательский центр «Молодежь», 2016

Мазмұны

I тарау. Зерттеу бағдарламасы.....	4
1.1 Зерттеудің өзектілігі және негіздемесі.....	4
1.2 Зерттеудің мақсаты мен міндеттері.....	4
1.3 Зерттеу гипотезасы	5
1.4 Негізгі түсініктерді интерпретациялау.....	6
1.5 Зерттеудің технологиялық бөлігі.....	7
II тарау. Жас қазақстандықтардың өмірді қабылдауы.....	10
2.1 Жастардың өмірлеріне қанағаттану деңгейі	10
2.2 Жастардың өзекті мәселелері.....	15
Тарау бойынша қорытындылар.....	19
III тарау. Қазақстанның мемлекеттік жастар саясатының тиімділігі.....	20
3.1 Мемлекеттік жастар саясатын бағалау.....	20
3.2 Жастарды қолдауға және дамытуға бағытталған мемлекеттік құрылымдар туралы хабардар болу.....	27
3.3 Мемлекеттік бағдарламалар және жастар жобалары туралы хабардар болу.....	33
Тарау бойынша қорытындылар	35
IV тарау. Жастардың қоғамдық-саяси белсенділігі.....	37
4.1 Жастардың саяси белсенділігі	37
4.2 Жастардың қоғамдық қызметке және еріктілер қозғалысына қатысуы.....	40
4.3 Жастар арасындағы наразылық әлеуеті.....	47
4.4 Жастар арасындағы көші-қон жағдайы.....	49
Тарау бойынша қорытындылар	53
V тарау. Қазақстан жастарының құндылықтары.....	55
5.1 Жастардың құндылықтар бағдары.....	55
5.2 Білім жүйесіндегі өзгерістерді бағалау.....	58
Тарау бойынша қорытындылар	60
Қорытынды	62
Қосымша	64

I тарау. ЗЕРТТЕУ БАҒДАРЛАМАСЫ

1.1 Зерттеудің өзектілігі және негіздемесі

Мемлекеттік жастар саясатын дамыту, нақты міндеттері мен олардың жүзеге асыру жолдарын бөліп шығару азаматтық қоғамды қалыптастырудың кілті болып табылады – бұл қоғамда құқықтық сауаттылықтың шыңына жеткен жастар өмір сүреді, олар мемлекетте жүріп жатқан үрдістерге өздерінің жауапкершілігін сезінеді, өздерінің азаматтық ұстанымын белсенді көрсетуге дайын болады, өз-өзін жетілдіруге және мемлекетті дамытуға талпынады.

Жастар саясаты дамуының заманауи – бұл жастар саясатының барлық қатысушыларының жүйелі және келісілген жұмысқа ауысу, жобалар, бағдарламалар, шаралардың тиімділігін арттырып, жастармен жұмыс жасаудың кәсіпқойлығын көтеру деген сөз. Жастар саясатын жүзеге асырудың осы кезеңіне жұмыстың жүйелілігін және тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында барлық қажет институттарды құру үшін көптеген жұмыс атқарылды. Ендігі кезекте осы жұмысты стандарттау, жастар саясаты саласында өзара әрекет етудің жұмыс ведомствоаралық және сектораралық механизмдерін, рейтинг жүйесін енгізу, жобалар, ұйымдар, бағыттар, аймақтардың тиімділігін бағалауды ретке келтіру жұмысы тұр. 2020 жылға мемлекеттік жастар саясаты реттелген тиімді механизмге айналуы тиіс, ол жастар ортасында өзін-өзі ұйымдастыру процесстерін басқаруға қауқарлы болып, қоғамның ең пассионарлы, креативті, жаңашыл бөлігі ретінде жастар әлеуетін толығымен пайдалануы тиіс. Бұл жастар саясатының әлеуметтік жаңашылықтар алаңы, жастар мектебіне айналып келеді дегеніміз, онда өзекті принциптер, құндылықтар, құзыреттер, нақты қалыптасқан азаматтық ұстанымдар табысты қалыптасады.

Аталмыш зерттеудің өзектілігі мемлекеттік жастар саясатын жүргізудің тиімділігін қамтамасыз ету жастардың мемлекеттік жастар саясатына көзқарасының негізгі тенденцияларын анықтаумен тығыз байланысты. МЖС реттеуге және дамытуға бағытталған әлеуметтік институттар, ұйымдар мен мемлекеттік бағдарламалар жөніндегі жас қазақстандықтардың пікірлері мен бағалауларына талдау жасау жастар саясаты саласындағы жағдай туралы сенімді ақпаратқа қол жеткізуге, осы саладағы жастардың тұтынулары мен күтулерін көруге мүмкіндік береді. Осыдан кейін мемлекеттік жастар саясатының заманауи жағдайына диагностика және мониторинг жүргізу үшін жүйелі түрде әлеуметтік және талдамалық зерттеулер өткізіп отыру өте маңызды.

1.2 Зерттеудің мақсаты мен міндеттері

Аталмыш зерттеудің мақсаты мемлекеттік жастар саясатының жағдайын зерттеу, оның даму болашағын анықтау, сондай-ақ жастардың әлеуметтік саулығын зерделеу болып табылады.

Алға қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін келесі негізгі міндеттерді шешу қажет:

- Қазақстан аймақтарында жастардың әлеуметтік саулығының деңгейін бағалау;
- Жастардың құнды ұстанымдары мен бағдарларын анықтау;
- Жастар арасында көші-қонға деген көзқарасын зерттеу;
- Жастардың түрлі азаматтық белсенділік, әлеуметтік тәжірибелер нысандарына деген көзқарасын зерттеу;
- Жас адамдардың мемлекеттік жастар саясатының жағдайына, оның тиімділігі мен даму болашақтарына көзқарасын анықтау;
- Мемлекеттік жастар саясатының негізгі міндеттері мен даму болашағын анықтау;
- Жастардың жастар саясаты саласындағы жастарды қолдауға және дамуға бағытталған жобалар мен бағдарламалар туралы хабардар болуын зерттеу, оларға деген көзқарасын анықтау;
- Қазақстан жастырының жастар саясатының жобалары мен бағдарламаларына қатыстырылуын зерттеу;
- Мемлекеттік жастар саясатын одан әрі жетілдіру үшін мүдделі органдар мен ұйымдар үшін ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеу объекті – жастардың мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру және оның даму болашағы туралы пікірі. Жастар – оның әлеуметтік-демографиялық және аймақтық сипаттамасы параметрлері бойынша репрезентативті тұрғыдан таңдалған Қазақстан Республикасының 14 жастан 29 жасқа дейінгі тұрғындары.

Зерттеу мәні – Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру тиімділігі және оның қазақстандық жастардың дамуына ықпалы.

1.3 Зерттеу гипотезасы

Мемлекеттік жастар саясаты елімізде белсенді жүзеге асырылуда. Жастар республиканың жастар саясатының белсенді қатысушысы және азаматтық қоғамның толыққанды мүшесі болуға дайын. Жастармен жұмыс жасаудың кәсіпқойлық деңгейін көтеру – жастар саясатының алдында тұрған басты мақсаттардың бірі. Қазақстандағы және әлемдегі әлеуметтік-саяси жағдай бұл саланы жаңа тиімділік деңгейіне шығаруды талап етеді.

Өзін-өзі басқару және өзін-өзі ұйымдастыру үрдістерін белсендету үшін жастар арасында қажет институттар құрылып, жастарға қажет өзекті жобалар мен бағдарламалар жүзеге асырылуда. Осы үрдісте ерекше рөлді жастар ресурстық орталықтары атқаруы тиіс, сонымен қатар олардың жұмыстарын ақпараттық қолдап, брендтелуін қамтамасыз ету қажет, өйткені бүгінгі күні жастар осындай институттардың жұмысы жайлы хабардар болу деңгейі төмен.

1.4 Негізгі түсініктерді интерпретациялау

Мемлекеттік жастар саясаты – мемлекет жүзеге асыратын және жастарды қолдап, дамытуға бағытталған әлеуметтік-экономикалық, ұйымдастыру және құқықтық шаралар жүйесі. Мемлекеттік жастар саясаты көптеген елдердің қызметіндегі басты бағыттардың бірі болып табылады. Қазақстан Республикасында мемлекет пен жастардың қарым-қатынас саласын реттейтін негізгі нормативтік құқықтық құжат Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 9 ақпандағы №285-V «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңы болып табылады, ол мемлекеттік жастар саясатының мақсаты, міндеттері, бағыттарын, сондай-ақ жастарды мемлекеттік қолдау механизмдерін, оның әлеуметтік және саяси құқықтарын анықтайды. Ел Президенті Н. Назарбаевтың тікелей қатысуымен Қазақстан жастарының үш Конгресінің отырысы өткізілді.

Жастар – Қазақстан Республикасының он төрт жасынан он тоғыз жасына дейінгі азаматтары. Жастар – бұл ерекше әлеуметтік-жас тобы, ол жас ерекшелігімен және қоғамдағы дәрежесімен ерекшеленеді: балғын және жасөспірім шақтан әлеуметтік жауапкершілікке. Кейбір ғалымдар жастарды жас адамдардың жиынтығы ретінде түсінеді, оларға қоғам әлеуметтік тұрғыдан қалыптасуға мүмкіндік береді, оларға жеңілдіктер береді, бірақ социумның кейбір салаларына белсенді араласуға мүмкіндіктерін шектейді.

Әлеуметтік тұтынушылық – әлеуметтік субъектінің өмір сүруіне қандай да болмасын жағдай бастапқы қоздырғыш жеткіліксіз болғанда, бір нәрсені қажет етудің нысаны. Осындай жағдайлардың бірі нәрсені иелену және тұтынуға, басқасы жасауға, көбейтуге итермелейтін тұтынушылық. Алайда тек саналы түрдегі тұтынушылық адамдардың талпыныстары, көңілдері, мақсаттары, мүдделері арқылы әрекет етудің қоздырғышы бола алады.

Әлеуметтік саулық – бұл әлеуметтік топ өкілдерінің өз қоғамдық жағдайын, әлеуметтік-экономикалық және рухани тұтынуларына, мүдделеріне қанағаттану деңгейін бағалаудың эмоционалды аспектісі. Әлеуметтік саулық арқылы топтың қоғамдық көзқарасындағы (экономикалық, саяси, идеологиялық, ұлттық және т.т.) жалпы тоналдылығы көрініс табады. Әлеуметтік саулық әлеуметтік салыстыру, әлеуметтік сыйақыны, өз тұтынуларын қанағаттандыру үшін мүмкіндіктерді, өзге адамдардың ұқсас мүмкіндіктерін (жағдайларын) өз мүдделерінің жүзеге асырылуымен салыстыру үрдісінен кейін қалыптасады.

Жастардың *әлеуметтік тәжірибелері* жас адамдардың мүдделері мен құқықтарын жүзеге асыруға бағытталған, күнделікті тіршілікте қоғамдық маңызға ие шешімдерді қабылдауға тартылуға, қабылдаған шешімдерінің нәтижелеріне жауапты болуға, сондай-ақ демократиялық әдістермен қоршаған әлеуметке ықпал ету құқықтары әрекет ету және әдеттегі тәртіп түрлерінің жиынтығы болып табылады.

Құндылықтар бағдары – стратегиялық өмір сүру мақсаттары мен жалпы дүниетану бағдарлары ретінде мойындалатын құндылықтардың адамның санасында бейнеленуі.

Жастардың көші-қонға деген көзқарасы. Тұрғындардың көші-қон феномені күрделі және көпқырлы болып келеді. «Көші-қон» терминін интерпретациялау кезінде, алдымен оның қоғамдық өмірге әлеуметтік, саяси, экономикалық үдерістері мен құбылыстарына ықпал етудің теориялық және практикалық алғышарттарын негіздейді. Ғылыми әдебиетте көші-қонды тұрғындардың аймақтық көшудің күрделі әлеуметтік-демографиялық үдерісі болып саналады, ол тұрғылықты мекендеу орнының (елді мекеннің) ауысуымен байланысты, экономикалық құрылымның өзгеруімен және өндірістік күштердің орналасуымен, тұрғындардың әлеуметтік және еңбек мобильділігінің өсуімен тығыз байланысты. Жастардың көшіп қонуы бағыт беретін аймақтарда жоғары өнімді шығаруға қауқарлы жас мөлшері тобының арасында еңбек ететін күштің санының азаюына апарады, жаңа ғана кәсіпті меңгерген немесе біліктілікке қол жеткізген көптеген жас адамдарды қоса.

1.5 Зерттеудің технологиялық бөлігі

Таңдау жиынтығының көлемі

Таңдау жиынтығының көлемі 2 000 сұраққа жауап берушіні құрайды.

Социологиялық зерттеуді жүргізу аймағы Қазақстан Республикасының бүкіл аймақтарын – республикалық маңызға ие Астана мен Алматы қалаларын және Қазақстанның 14 облысын қамтиды. Зерттеу барысында стратификацияланған көпсатылы таңдау әдісі қолданылды. Алдымен, елдің 14 аймағы бойынша облыстар мен республикалық маңызға ие тұрғындардың санына қарай талдау жасалды. Одан соң әр облыс бойынша қалалық және ауылдық тұрғындардың көлемі есептелінді.

Аталмыш зерттеу барысында зерттелетін бірліктерді таңдау бірнеше сатыда жүргізілді: мүмкіндік дизайн таңдауы қолданылды. Мүмкіндік дизайн таңдауы бойынша кез келген адам (14 жастан 29 жасқа дейінгі) жиынтық шегінде талдауға қатысуға таңдалып алынуға тең мүмкіндікке ие болады. Стратификацияланған көпсатылы таңдау әдісі қолданылды. Атап айтсақ, негізгі страт болып келесілер таңдалды:

1 саты. Облыстар бойынша таңдау – облыстар мен республикалық маңызға ие қалалардың 14 жастан 29 жасқа дейінгі тұрғындар санына қарай, елдің 16 аймағы – Астана мен Алматы қалалары, 14 облыс орталықтары бойынша таңдау көлемі анықталды.

2 саты. Қала-ауыл принципі бойынша таңдау – әр облыста қалалық және ауылдық таңдаудың көлемі есептелді.

3 саты. Сөре нүктесін таңдау – таңдалынып алынған әр елдімекеннің шегінде кездейсоқ түрде бағыттың сөре нүктесі мен сұраққа жауап берушілер саны белгіленеді.

4 саты. Үйлерді анықтау – сөре нүктесінен бастап бағыт бойынша «сол қол» ережесі бойынша жылжып отырып, үйлер таңдалады.

5 саты. Жауап берушілерді квотаға сәйкес таңдау – жекелеген үйде сұраққа жауап берушілер екі тетік бойынша таңдалады: жыныстық жас ерекшелігіне сәйкес квота – сұраққа жауап берушінің жасы 14 жастан кем емес және 29 жастан аспауы тиіс, сондай-ақ жынысы жағынан

репрезентативті таңдау болуы шарт (сұраққа жауап беретін әйелдер мен ерлердің саны әр облыс, қала және ауыл бойынша Статистика комитетінің деректеріне сәйкес есептелініп алынды).

1 кесте. Жоба бойынша таңдау ерекшелігі, адам

	Барлық тұрғындар			Қала тұрғындары			Ауыл тұрғындары		
	Екі жыныс	Ерлер	Әйелдер	Екі жыныс	Ерлер	Әйелдер	Екі жыныс	Ерлер	Әйелдер
Қазақстан Республикасы	2000	1004	996	1136	567	569	863	441	422
Ақмола облысы	78	40	38	36	19	17	42	22	20
Ақтөбе облысы	101	50	51	63	31	32	38	19	19
Алматы облысы	215	110	105	50	26	24	165	84	81
Атырау облысы	68	34	34	31	16	15	37	19	18
Батыс Қазақстан облысы	72	37	35	35	18	17	37	19	18
Жамбыл облысы	121	61	60	48	25	23	73	38	35
Қарағанды облысы	150	76	74	118	60	58	32	16	16
Қостанай облысы	96	48	48	50	25	25	46	23	23
Қызылорда облысы	89	46	43	37	19	18	52	27	25
Манғыстау облысы	73	37	36	34	17	17	39	20	19
Оңтүстік Қазақстан облысы	341	173	168	149	76	73	194	98	94
Павлодар облысы	79	40	39	55	28	27	24	12	12
Солтүстік Қазақстан облысы	56	29	27	25	13	12	31	16	15
Шығыс Қазақстан облысы	146	75	71	91	46	44	55	28	17
Астана қ.	104	50	54	104	50	54	-	-	-
Алматы қ.	211	98	113	211	98	113	-	-	-

* ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің 2015 жылғы мәліметтері бойынша

Таңдау репрезентативті болып табылады, яғни белгіленген параметрлер бойынша жауап берушілердің құрамы бас ерекшелікте (Статистика комитетінің 2015 жылғы арналған мәліметтері бойынша) берілген тиісті пропорцияларға жақындатылған. Сонымен бірге орташа деректердің таңдау ерекшелігінің бас ерекшелігінен ауытқуы $\pm 3,5\%$ аспайды.

Жүргізілген зерттеуде қолданылған сауалнама техникасы - бұл face-to-face интервью, яғни интервьюер жеке сауалнама алып, жауап берушінің үйінде өзіндік толтыру элементтерін қоса пайдаланып, оның ауызша жауаптарын сауалнамаға енгізу арқылы жүргізеді.

Алынған деректерді тексеру үшін, атап айтсақ интервьюерлердің жұмыс сапасын тексеру мониторингін және сауалнаманы жалған толтырудан сақтану үшін толтырылған сауалнаманың жалпы көліменен 30% зерттеуге қатысқан жауап берушілерден телефон арқылы және жаяу жүріп жауап алу арқылы кеңістікке бақылау жүргізілді.

Ақпарат жинау әдісі

Ақпарат жинау әдісі 14 жастан 19 жасқа дейінгі жастарды жаппай сұрау «face-to-face» әдісі. Жаппай сұрау әдісі шеңберінде ақпарат жинау

сұраққа жауап берушілердің тұрғылықты мекенжайы бойынша жүргізілді (пәтердегі сауалнама деп аталатын), немесе нақты оқу/жұмыс/жұмыспен қамту орталықтарында (жедел іздестіру үшін және мақсатты топ мүшелерімен бірден тілдесу үшін). Таңдалып алынған әдіс ағымдағы зерттеудің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келеді.

Ақпаратты өңдеу әдісі

Бастапқы деректерді енгізу, оларды өңдеу, сондай-ақ біркөлемді, екікөлемді кестелерді шығару, корреляциялық және кластерлік талдаулар SPSS орыс тіліндегі компьютерлік бағдарламасының 21 нұсқасы арқылы есептелінді.

Ақпаратты талдау әдістері

Бастапқы әлеуметтанулық ақпаратты талдаудың негізгі әдісі келесілер болып табылады:

- 1) біркөлемді, екікөлемді деректерді талдау;
- 2) корреляциялық талдау;
- 3) кластерлік талдау.

Зерттеу кезеңі: қыркүйек, 2016 жыл.


II тарау. ЖАС ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ ӨМІРДІ ҚАБЫЛДАУЫ

2.1 Жастардың өмірлеріне қанағаттану деңгейі

Әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері көрсеткендей, **жауап берген жастардың басым көпшілігі өз өмірлеріне қанағаттанады (89,1%)**. Өмірлеріне қанағаттанбай жүрген жастардың көрсеткіші жауап берушілердің 9,6% құрайды, атап айтсақ жауап берушілердің 1,7% ғана «толығымен қанағаттанбаймын» деген жауапты таңдаған (1 диаграмма).

1 диаграмма

Сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі: «Айтыңызшы Сіз өз өміріңізге қанағаттанасыз ба, әлде қанағаттанбайсыз ба?» (%)



Сауалнама нәтижесі бойынша өз өмірлеріне қанағаттанатындардың жоғары деңгейі Қазақстанның басым көп облыстарында – 80-90% белгілендерін аңғартады.

Сұраққа жауап берген Атырау және Солтүстік Қазақстан облыстарының жастарын атап өту керек, олардың өмірге қанағаттану деңгейі сәйкесінше 58,8% және 64,3% құрап отыр, бұл көрсеткіш осы облыстардың Қазақстанның басқа аймақтарынан өзгеше (1 кесте).

1 кесте

Сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі: «Айтыңызшы Сіз өз өміріңізге қанағаттанасыз ба, әлде қанағаттанбайсыз ба?» (облыстар бойынша, %)

	Толық қанағаттанамын	Қанағаттанамын деп ойлаймын	Қанағат емеспін деп ойлаймын	Толығымен қанағат емеспін	Жауап беруге қиналамын
Ақмола	15,4	70,5	11,5	-	2,6
Ақтөбе	67,6	27,5	3,9	-	1,0
Алматы	38,1	51,2	8,8	1,9	-
Атырау	20,6	38,2	19,1	11,8	10,3
Шығыс Қазақстан	33,1	53,8	10,3	-	2,8
Жамбыл	52,1	35,5	5,8	4,1	2,5
Батыс Қазақстан	34,7	50,0	11,1	4,2	-
Қарағанды	47,7	37,7	11,9	2,0	0,7
Қостанай	52,6	42,1	5,3	-	-

	Толық қанағаттанамын	Қанағаттанамын деп ойлаймын	Қанағат емеспін деп ойлаймын	Толығымен қанағат емеспін	Жауап беруге қиналамын
Қызылорда	40,4	52,8	5,6	-	1,1
Манғыстау	64,4	30,1	5,5	-	-
Павлодар	40,5	49,4	6,3	3,8	-
Солтүстік Қазақстан	21,4	42,9	16,1	7,1	12,5
Оңтүстік Қазақстан	40,8	54,0	5,0	0,3	-
Астана қ.	46,2	43,3	6,7	1,9	1,9
Алматы қ.	43,1	50,7	5,7	-	0,5

Сонымен бірге елдімекеннің дамуымен қанағаттану деңгейі де жоғары көрсеткішке ие. **Сұраққа жауап берген жастардың 80,7% жалпы толығымен елдімекеннің дамуымен қанағаттанады және қанағаттанады деп ойлайды.** Елдімекеннің дамуымен қанағаттанбағандар саны 17,7% құрап отыр (2 диаграмма).

2 диаграмма

Сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі: «Сіз елдімекеніңіздің дамуына қаншалықты қанағаттанасыз?» (%)



Жауап берушілер тұрып жатқан елдімекеннің дамуымен қанағаттану мәселесіне облыстар бойынша келетін болсақ, онда жағдай келесідей. Қанағаттану деңгейі облыстардың басым көпшілігінде жоғары болып келеді, ол 75-85% деңгейін көрсетіп отыр.

Үш облысты атап өту керек – Атырау, Қарағанды, Солтүстік Қазақстан, бұл аймақтарда елдімекеннің дамуымен қанағаттану деңгейі 65% аспайды (2 кесте).

Сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі: «Сіз елдімекеніңіздің дамуына қаншалықты қанағаттанасыз?» (облыстар бойынша, %)


	Толық қанағаттана мын	Қанағаттанам деп ойлаймын	Қанағат емеспін деп ойлаймын	Толығымен қанағат емеспін	Жауап беруге қиналамы
Ақмола	23,1	38,5	10,3	23,1	5,1
Ақтөбе	29,4	46,1	6,9	15,7	2,0
Алматы	36,3	53,0	7,9	2,8	-
Атырау	16,2	30,9	27,9	11,8	13,2
Шығыс Қазақстан	30,3	48,3	13,1	6,2	2,1
Жамбыл	41,3	36,4	14,0	7,4	0,8
Батыс Қазақстан	33,3	50,0	12,5	2,8	1,4
Қарағанды	37,7	27,2	23,2	11,3	0,7
Қостанай	42,1	38,9	15,8	3,2	-
Қызылорда	50,6	40,4	6,7	1,1	1,1
Манғыстау	60,3	19,2	17,8	2,7	-
Павлодар	35,4	49,4	8,9	2,5	3,8
Солтүстік Қазақстан	23,2	30,4	26,8	14,3	5,4
Оңтүстік Қазақстан	32,8	59,5	7,6	-	-
Астана қ.	45,2	35,6	9,6	6,7	2,9
Алматы қ.	36,5	52,1	8,5	1,9	0,9

Сауалнаманың нәтижесі бойынша зерттеуге қатысқан жастардың **63,7% олардың әл-ауқаты көп жағдайда өздерінен, өздерінің белсендігі мен қабілеттеріне тікелей байланысты деп есептейді.** Жауап берушілердің үштен бір бөлігі (31,7%) олардың әл-ауқаты көп жағдайда қоғамдағы жағдаймен және ондағы өмір сүру жағдайына байланысты деп белгілеген (3 диаграмма).

Жауаптардың аз мөлшері «басқа» деген жауап нұсқасын белгілегендер (1,1%), онда «ата-аналарға байланысты», «бірінші кезекте құдайға байланысты», «адамның өзінің рухани құндылықтарына байланысты» деген жауаптар берілген.

3 диаграмма

Сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі: Қалай есептейсіз, Сіздің әл-ауқатыңыз үлкен дәрежеде неге байланысты?» (%)



Сауалнама барысында жас адамдарға ата-аналарының өмірімен салыстырғанда өздерінің болашағын қандай деңгейде болады деген сұрақ қойылып, бағалауға мүмкіндік берілген кезде жастар оптимистік көзқарас көрсетті. Атап айтсақ, сұраққа жауап берушілердің жартысы **(51,2%) олардың өмір деңгейі ата-аналарының өмірімен салыстырғанда әлбетте жақсы болады деп есептейді.** Тағы жауап берушілердің 28,8% олардың өмір деңгейі едәуір жақсарады деп есептейді. Нәтижесінде оң жауаптардың жалпы сомасы («жақсарады» және «едәуір жақсарады») жауап берушілердің 79,9% құрап отыр.

Сауалнамаға қатысқан жас адамдардың 11,7% өздерінің ата-аналарының өмірімен салыстырғанда өзгерусіз қалады деп жауап берді (4 диаграмма).

4 диаграмма

Сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі: «Сіздің пікіріңізше Сіз есейген кезде өміріңіз ата-аналарыңыздың өмірімен салыстырғанда қандай деңгейде болады?» (%)



Өмірінің нашарлайтынына жауап берушілердің 2,0% жастары күтулерін жасырмады. Тағы сауалнамаға қатысқандардың 6,0% қандай да бір баға беруге қиналғандарын жеткізді.

Ұлттық тап жағынан ата-аналарының өмірімен салыстырғанда өздерінің болашағының жақсаруына сұраққа жауап бергендердің күтулері келесідей болды. **Көрсеткіштер бойынша қазақ ұлтының жастары көшбасшылыққа ие, біріншіден, жауап берушілердің қазақ ұлты жастары өкілдерінің 81,3% өмірлері жақсарады немесе едәуір жақсарады деген,** екіншіден, «өзгеріссіз қалады» деген жауап нұсқасын қатысушылардың тек 9,8% белгелеген.

Қатысушылардың орыс және өзге ұлт өкілдері жиі өздерінің өмірі ата-аналарының өмірімен салыстырғанда өзгермейді деп сәйкесінше 15% және 19% көрсетіп отыр. Сондықтан өзге ұлт өкілдері өздерінің болашағына және болашақтағы өміріне күмәнмен қарайтындарын алға тартады (3 кесте).

Сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі: «Сіздің пікіріңізше Сіз есейген кезде өміріңіз ата-аналарыңыздың өмірімен салыстырғанда қандай деңгейде болады?»
(ұлттар арасында, %)

	Қазақтар	Орыстар	Өзге ұлттар
Жақсарады	52,4	49,9	44,0
Едәуір жақсарады	28,9	27,2	31,0
Өзгеріссіз қалады	9,8	15,0	19,0
Едәуір нашарлайды	1,3	1,2	0,5
Нашарлайды	0,6	0,7	1,1
Жауап беруге қиналамын	6,9	6,1	4,4

Жауап берген жас адамдардың жартысынан көбі өз отбасының материалдық жағдайын айтарлықтай жоғары бағалайды. Әлемдегі және елдегі экономикалық жағдайға қарамастан, жауап берушілер өз отбасыларының материалдық жағдайына жоғары баға береді. Атап айтсақ жауап бергендерің 42,5% жастары отбасының материалдық жағдайы тек азық-түлік, қажет тауарлар мен киімді ғана емес, сонымен бірге шағын тұрмыс техникасын сатып алуға жеткілікті деп есептейді. Ал жауап берушілердің 20,7% өздеріне ірі тұрмыс техникасын, тоназытқыш немесе кір жуатын машина сатып алу мүмкіндіктері бар екендерін жасырмады.

Жауап бергендердің 17,7% өздерінің отбасыларының материалдық жағдайын төмен бағалады. Олардың ішінде 2,7% негізі кедейлік жағдайын басынан кешіп отырғандар, ал 15,0% тек ең қажет заттарды сатып алуға қауқарлы екен болып шықты (5 диаграмма).

Өз отбасының материалдық жағдайын жауап бергендердің 11,9% айтарлықтай жоғары бағалайды, олар өздеріне пәтерден басқа кез келген заттарды сатып алуға қауқарлы немесе материалдық қиыншылықтары жоқ, қажет болса пәтерді де сатып алауға мүмкіндіктері бар екендерін жеткізді.

Сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі: «Өз отбасыңыздың материалдық жағдайын қалай бағалар едіңіз?» (%)



2.2 Жастардың өзекті мәселелері

Сауалнама нәтижелері бойынша жастардың өзекті мәселелері арасында **бірінші орында – жоғары білім алу қиыншылықтары (бағасы жоғары және т.т.) (51,7%) және жұмысқа орналасу, жұмыссыздық мәселесі (53,3%).**

Материалдық қиыншылықтарды (оның ішінде жалақының, шәкіртақының және т.т. төмендігі) жауап берушілердің тағы 49,0% белгіледі.

Азық-түлік және халық тұтынатын тауарларға бағаның қымбаттылығына жауап берушілердің 39,1% назданса, тағы 39,58% тұрғын-үй мәселесін көтереді.

Ертеңгі күнге деген сенімділікті сауалнамаға жауап берушілердің 16,6% жастары белгіледі.

Ойын-сауық және жастардың бос уақытты өткізу мәселесін жауап берушілердің 16,5% белгіледі және тағы 16,4% мәдениеттің төмендеуі және қазақстандық жастардың рухани азғындауына алаңдаулы.

Нашақорлық, токсикомания, маскүнемдік мәселесін әлбетте жастармен байланыстыратынын қатысушылардың 13,1% белгіледі.

Жастар үшін маңыздылығы төмен мәселелер қылмыстылық мәселесі болып табылады – 10,7%, ата-аналармен шиеленістер мен жақындары мен туыстарының түсініспеушілігі – 8,2%, діни экстремизм – 7,4% (4 кесте).

Жауап берушілердің тек 2,7% ғана жастардың мәселелері жоқ деп есептейді.

Сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі: «Сіздің елдімекеніңіздегі жастардың ең өзекті мәселелерін атаңызшы?» (%)

	%*
Жұмысқа орналасу қиыншылықтары, жұмыссыздық	53,3
Жоғары білім алуға көмек көрсету (қымбат баға және т.т.)	51,7
Материалдық қиындықтар (төмен жалақы, шәкіртақы және т.т.)	49,0
Тұрғын-үй мәселелері	39,8
Азық-түлікке, халық тұтынатын тауарлар деген бағаның жоғары болуы	39,1
Ертеңгі күнге деген сенімділіктің жоқтығы	16,6
Бос уақытты өткізетін орынның болмау мәселесі	16,5
Мәдениет деңгейі төмен, жастардың рухани азғындауы	16,4
Нашақорлық, токсикомания және маскүнемдік, шылым шегу	13,1
Жеке өмірінің ретке келтірілмегендігі	11,7
Нашар денсаулық, денсаулықтың нашарлауы	11,2
Жастар арасындағы қылмыстылық	10,7
Ата-аналармен / аға ұрпақпен шиеленістер, туыстардың және жақындардың түсініспеушілігі	8,2
Жастар арасындағы діни экстремизм	7,4
Жеке қауіпсіздіктің қауіп-қатері (көшелерде жүргенде үрей пайда болады және т.т.)	5,6
Жылдамдығы жоғары Интернетке, сапалы мобильді байланысқа қолжетімділіктің болмауы	4,6
Басқа	0,1
Еш мәселе жоқ	2,7
Жауап беруге қиналамын	2,1

* сомасы 100% тең емес, өйткені сұраққа жауап берушілерге жауаптың бірнеше нұсқасын таңдауға мүмкіндік берілді

Жауап берушілердің 30% астамы белгілеген тек 5 негізгі мәселелерін аймақтар бойынша қараған жөн.

Сондықтан сауалнаманың нәтижесі бойынша **жұмысқа орналасу және жұмыспен қамту мәселесі** Ақтөбе, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Оңтүстік Қазақстан облыстарында өткір тұрғаны белгілі болды, ондағы көрсеткіш орташа республикалық көрсеткіштен жоғары.

Жоғары білім алу мәселесін жиі Ақтөбе, Алматы, Атырау, Батыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан облыстары мен Алматы қаласында орын алған.

Қазақстан бойынша орташа көрсеткіштен жоғары **«материалдық қиыншылықтар»** мәселесі Ақтөбе, Алматы, Жамбыл, Павлодар және Оңтүстік Қазақстан облыстарында белең алған.

Тұрғын-үй мәселесін Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Манғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстарында және Астана, Алматы қалаларында жиі атайды.

Азық-түлікке, ХТТ бағаның жоғары болуы мәселесі бойынша көрсеткіш орташа республикалық көрсеткіштен жоғары Ақмола, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Манғыстау, Солтүстік Қазақстан және Оңтүстік Қазақстан облыстарына тиесілі (5 кесте).

Сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі: «Сіздің елдімекеніңіздегі жастардың ең өзекті мәселелерін атаңызшы?» (облыстар бойынша, %)

	Жұмысқа орналасу қиыншылықтары, жұмыссыздық	Жоғары білім алуға көмек көрсету	Материалдық қиыншылықтар	Тұрғын-үй мәселелері	Азық-түлікке, ХТТ бағаның жоғары болуы
Қазақстан Республикасы	53,3	51,7	49,0	39,8	39,1
Ақмола	50,0	23,1	33,3	25,6	41,0
Ақтөбе	61,8	59,8	52,9	26,5	35,3
Алматы	44,2	71,2	59,5	34,0	29,8
Атырау	33,8	73,5	29,4	35,3	36,8
Шығыс Қазақстан	35,2	37,2	37,9	32,4	45,5
Жамбыл	38,8	47,1	51,2	30,6	22,3
Батыс Қазақстан	48,6	54,2	47,2	40,3	41,7
Қарағанды	49,0	48,3	37,1	50,3	42,4
Қостанай	61,1	49,5	46,3	53,7	54,7
Қызылорда	27,0	36,0	34,8	36,0	21,3
Манғыстау	58,9	39,7	38,4	52,1	60,3
Павлодар	68,4	48,1	57,0	53,2	34,2
Солтүстік Қазақстан	66,1	37,5	48,2	60,7	44,6
Оңтүстік Қазақстан	78,6	56,3	61,3	25,2	44,0
Астана қ.	45,2	47,1	51,0	61,5	35,6
Алматы қ.	50,7	56,9	51,2	55,0	39,8

Осыған дейін атап өтілгендей, жастар арасында жұмысқа орналасу мәселесі өзекті мәселелер рейтингісі д.а. ішінде бірінші орынға ие (53,3%). Жастарға жұмысқа орналасу кезінде қандай қиыншылықтарға тап боласыз деген сұрақ қойылған болатын. Бұл сұраққа жауап берушілердің жартысынан көбі, атап айтсақ 65,7%, «жұмыс тәжірибесі қажет етіледі» деген жауап нұсқасын белгіледі.

Сауалнамаға қатысқандардың үштен бір бөлігінен көбі (34,2%) өз мамандығы бойынша (ЖОО, колледжде оқыған мамандығы бойынша) жұмысқа орналасуда қиыншылықтарына тап болады екен.

Жауап берушілердің 31,1% жұмысқа орналасу үшін тиісті байланыс пен таныстық қажет және олар болмаған жағдайда жастар үшін жұмыс іздеу қиынға соғады деп отыр (6 диаграмма).

Жауап берушілердің тек 2,0% жастарда жұмысқа орналасу кезінде проблемалар жоқ деп есептейді.

Сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі: «Жастар жұмысқа орналасқан кезде негізгі қиыншылықтары қандай?» (%)



Қазақстандықтар арасында, атап айтсақ аға буын өкілдері арасында мемлекет өз азаматтарының жұмысқа орналасуына жауапкершілікті мойнына алу керек деген пікір айтуда. Алайда жаңа экономикалық қоғам принциптері бойынша азаматтардың әл-ауқатына жауапкершілік, оның ішінде жұмысқа орналасу болсын, азаматтардың өздеріне тиіселі. Жастар арасындағы сауалнама нәтижелері бойынша жауап берушілердің 47,9% мемлекет тарапынан көмек күтуде, олар «мемлекет бірінші жұмыс орнына орналасуға кепілдік беруі тиіс» деп есептейді.

Сауалнамаға қатысқан жастардың 15,9% мемлекет жұмыс орнын тек мемлекеттік құрылымдарда ғана жұмыс орнын беруге кепіл беруі тиіс деп санайды.

Сауалнамаға қатысқан жас адамдардың тағы 27,9% мемлекет түлектің қалауы бойынша жұмыс орнын іздестіруге қолдау көрсетуі тиіс дейді.

Сауалнамаға қатысқан жастардың тек 3,5% ғана мемлекет жастардың жұмысқа орналасу процесіне араласпауы тиіс (6 кесте) деп ойлайды.

6 кесте

Сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі: «Сіздің пікіріңізше оқу орындарының түлектерін жұмысқа орналастыру барысында мемлекеттің қатысуы қандай болуы тиіс?» (%)

	%
Мемлекет бірінші жұмыс орнын қамтамасыз етуі тиіс	47,9
Мемлекет жұмыс орнын тек мемлекеттік құрылымдарда ғана жұмыс орнын беруге кепіл беруі тиіс	15,9
Мемлекет түлектің қалауы бойынша жұмыс орнын іздестіруге қолдау көрсетуі тиіс	27,9
Мемлекет жастардың жұмысқа орналасу процесіне араласпауы тиіс	3,5
Жауап беруге қиналамын	4,8

Тарау бойынша қорытындылар

1. Жалпы жауап берген жастар оптимистік көзқарасқа ие, өздерінің болашағы мен болашақтағы мүмкіндіктерін жоғары бағалайды. Жалпы жауап берген жастардың көпшілігі өз өмірлеріне ғана емес, өздерінің тұрып жатқан елдімекендерінің дамуына қанағаттанып, өз материалдық мүмкіндіктерін жоғары бағалауда.

2. Жастар арасында өмірлеріне қанағаттанып отырғандар саны 89,1% құрап отыр. Өмірлеріне қанағаттану деңгейі облыстардың көбінде 80-90% дейін жеткен. Тек Атырау (58,8%) және Солтүстік-Қазақстан (64,3%) облыстарында ғана бұл көрсеткіш төмен.

3. Сондай-ақ өздері тұрып жатқан елдімекенінің дамуына қанағаттанып отырғандар деңгейі жоғары (80,7%).

4. Жауап берген жастардың жартысынан көбі өз өмірлеріне жауапкершілікті өздеріне артуда, атап айтсақ сауалнамаға қатысқан жастардың 63,7% олардың әл-ауқаты көп жағдайда өздеріне, өздерінің белсенділігі мен қабілеттеріне байланысты деп есептейді.

5. Сауалнамаға қатысқан жастардың жартысынан көбі өз отбасының материалдық жағдайын айтарлықтай жоғары бағалап отыр. Сауалнамаға қатысқан жастардың 42,5% өз отбасыларының материалдық жағдайы тек азық-түлік, қажет тауарлар мен киімдерді сатып алуға ғана емес, шағын тұрмыс техникасын сатып алуға жетеді деп есептейді. Ал сауалнамға қатысқандардың 20,7% ірі тұрмыс техникасын, шаңсорғыш немесе кір жуатын машина сатып алуға қауқарлы деп санайды.

6. Жауап бергендердің 17,7% өздерінің отбасыларының материалдық жағдайын төмен бағалады. Олардың ішінде 2,7% негізі кедейлік жағдайын басынан кешіп отырғандар, өйткені ақшалары тек азық-түлік сатып жетеді, ал 15,0% тек ең қажет заттарды сатып алуға қауқарлы екен болып шықты.

7. Жастар үшін ең өзекті мәселелер әлеуметтік-экономикалық сипаттағы мәселелер – материалдық қиындықтар, жоғары білім алу мәселесі, жұмысқа орналасу және жұмыссыздық мәселесі, бағаның қымбаттауы.

8. Жастардың басқа мәселелері (ойын-сауық мәселесі, жастар арасындағы қылмыстылық, жастар ортасындағы діни экстремизм, жеке басының қауіпсіздігі және т.т.) екінші орынға қойылып, маңыздылығы жағынан әлеуметтік проблемалар басым түседі.

9. Сауалнама нәтижесі бойынша жұмысқа орналасу кезіндегі туындайтын негізгі қиындықтардың бірі жұмыс тәжірибесінің болуы талап етілетіні алға тартылады (65,7%).

10. Жауап берген жастардың көбі оқу орындарының түлектері жұмысқа орналасу кезінде мемлекеттің араласуына және қатысуына арқа сүйейтіндерін жасырмады.


III тарау. ҚАЗАҚСТАННЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ЖАСТАР САЯСАТЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

3.1 Мемлекеттік жастар саясатын бағалау

Мемлекеттік жастар саясатын зерттеу мақсаттарының бірі Қазақстанның жас тұрғындарының мемлекеттік жастар саясатының жүзеге асырылуына қанағаттанауы туралы пікірін анықтау болып табылады. Жастардың арасында жүргізілген пікіртерім нәтижелері **сұраққа жауап берген жастардың басым көпшілігі (75,2%) Қазақстанда жүргізіліп жатқан мемлекеттік жастар саясатына қанағаттандықтарын** жеткізді. Елдегі жүзеге асырылып жатқан жастар саясатына өздерінің қанағаттанбаушылығын жауап бергендердің 14,0% белгіледі. Қатысушылардың тағы 6,5% жастар саясаты туралы ешнәрсе білмейтіндерін немесе естімегендерін жеткізді (7 диаграмма).

7 диаграмма

Сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі: «Қазақстандағы жастар саясатының жүзеге асырылу барысына қаншалықты қанағаттанасыз?» (%)



Облыстар арасынан мемлекеттік жастар саясатына қанағаттанушылық мәселесі келесідей көрініс табады (7 кесте).

Сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі: «Қазақстандағы жастар саясатының жүзеге асырылу барысына қаншалықты қанағаттанасыз?» (облыстар арасынан, %)

	Толық қанағаттанамын	Қанағаттана-мын деп ойлай-мын	Қанағат емеспін деп ойлай-мын	Толығымен қанағат емеспін	Мемлекеттік жастар саясаты туралы ешнәрсе білмеймін	Жауап беруге қиналамын
Қазақстан Республикасы	21,3	53,9	9,5	4,5	6,5	4,3
Ақмола	2,6	71,8	9,0	5,1	2,6	9,0
Ақтөбе	14,7	59,8	6,9	6,9	7,8	3,9
Алматы	19,5	54,9	15,3	2,3	3,7	4,2
Атырау	27,9	47,1	2,9	7,4	5,9	8,8
Шығыс Қазақстан	24,8	50,3	4,1	2,8	9,0	9,0
Жамбыл	45,5	29,8	11,3	8,3	3,3	1,7
Батыс Қазақстан	25,0	51,4	8,3	6,9	5,6	2,8
Қарағанды	22,5	53,0	9,9	7,9	5,3	1,3
Қостанай	25,3	49,5	8,4	8,4	8,4	-
Қызылорда	28,1	58,4	7,9	2,2	2,2	1,1
Манғыстау	15,1	57,5	6,8	4,1	6,8	9,6
Павлодар	29,1	45,6	7,6	2,5	5,1	10,1
Солтүстік Қазақстан	21,4	51,8	8,9	1,8	7,1	8,9
Оңтүстік Қазақстан	14,1	61,0	12,6	1,2	10,6	0,6
Астана қ.	22,1	52,9	7,7	3,8	5,8	7,7
Алматы қ.	18,0	55,0	8,5	6,2	6,2	6,1

Елдегі жастар саясатының жүзеге асырылуына жоғары қанағаттанушылықты ұлттық нәсілдеріне қарамастан бүкіл жастар көрсетіп отыр, бірақ бұл көрсеткіш орыс ұлты (70,8%) өкілдері арасында елдегі орташа көрсеткіштен (73,9%) әлдеқайда төмен (8 кесте).

Сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі: «Қазақстандағы жастар саясатының жүзеге асырылу барысына қаншалықты қанағаттанасыз?» (ұлттар арасынан, %)

	Қазақтар	Орыстар	Өзге ұлттар
	22,9	19,2	13,0
Толық қанағаттанамын	53,6	51,6	60,9
Қанағат емеспін деп ойлаймын	8,8	10,0	14,1
Қанағат емеспін	4,5	5,2	2,2
Мемлекеттік жастар саясаты туралы ешнәрсе білмеймін	6,5	7,2	4,3
Жауап беруге қиналамын	3,7	6,7	5,4

Сауалнама деректері бойынша жастар саясатының жүзеге асырылуына қанағаттанушылық жауап бергендердің жас ерекшеліктеріне байланысты. Атап айтсақ, жастардың жасы есейген сайын, қанағаттану көрсеткіші төмендей түседі екен. Мысалы, жастар саясатының жүзеге асырылуына қанағаттанамын деген жауап бергендердің 14 жастан 18 жасқа дейін (яғни мектеп немесе колледж оқушылары) 79,4% құрайды, 19 жастан 23 жасқа

дейінгі жастағы жауап бергендердің саны - 76,0% және 24 жастан 29 жастағылар көрсеткіші 71,6% ғана құраған. Және керісінше жастар саясатының жүзеге асырылуына қанағаттанбаушылық баға бергендер 24 жастан 29 жасқа дейін 15,8%, ал 14 жастан 18 жасқа дейінгілер – 11,0% (9 кесте).

9 кесте


Сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі: «Қазақстандағы жастар саясатының жүзеге асырылу барысына қаншалықты қанағаттанасыз?» (жас ерекшеліктері бойынша, %)

	14 жастан 18 жасқа дейін	19 жастан 23 жасқа дейін	24 жастан 29 жасқа дейін
Толық қанағаттанамын	25,0	22,3	17,9
Қанағаттанамын деп ойлаймын	54,4	53,7	53,7
Қанағат емеспін деп ойлаймын	7,7	8,8	11,2
Қанағат емеспін	3,3	5,2	4,6
Мемлекеттік жастар саясаты туралы ешнәрсе білмеймін	5,6	5,9	7,4
Жауап беруге қиналамын	3,9	4,1	5,1

Зерттеу нәтижелері бойынша жауап берген жастардың ширегі (24,4%) Қазақстан саясатының қалыптасуына зор ықпал ете алады және қалыптастыруға толыққанды қатыса алатындарын алға тартады. Қатысушылардың тағы 37,0% жастардың мүмкіндіктерін «біршама ықпал етеді» деген жауап нұсқасын белгілегендер (8 диаграмма).

8 диаграмма

Сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі: «Сіздің ойыңызша, жас адамдардың Қазақстанның саяси өміріне қатысуға және оның қалыптасуына ықпал ету мүмкіндігі қандай?» (%)



Жауап берген жастардың үштен бір бөлігі жастардың Қазақстан саясатын қалыптастырудағы мүмкіндіктерін төмен бағалайды. Олардың ішіндегі 24,7% жастар болмашы ықпал ете алды және 9,8% «еш ықпал ете алмайды» деген жауап нұсқасын белгіледі.

Енді жастардың елдегі саясатын қалыптастырудағы мүмкіндіктерін тұрғылықты мекендері тұрғысынан қарастырайық. Елдегі саясатты қалыптастыруға ықпал ету мүмкіндігіне Ақтөбе (34,3%), Атырау (35,3%), Қызылорда (57,3%), Шығыс Қазақстан (33,8%) және Қарағанды (33,1%) облыстарында тұратын жастардың өзінің сенімділігімен берген жауаптары ерекше.

Сауалнама нәтижелері бойынша «еш ықпал ете алмайды» деген жауап нұсқасын жиі Батыс Қазақстан (18,1%), Оңтүстік Қазақстан (14,7%) облыстарының және Астана (15,4%), Алматы (14,7%) қалаларының жастары белгілеген (10 кесте).

10 кесте

Сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі: «Сіздің ойыңызша, жас адамдардың Қазақстанның саяси өміріне қатысуға және оның қалыптасуына ықпал ету мүмкіндігі қандай?» (облыстар арасынан, %)

	Ықпалы өте зор	Біршама ықпалы ете алады	Болмашы ықпал ете алады	Еш ықпал ете алмайды	Жауап беруге қиналамын
Ақмола	9,0	57,7	24,4	6,4	2,6
Ақтөбе	34,3	43,1	14,7	3,9	3,9
Алматы	30,2	46,5	18,6	1,4	3,3
Атырау	35,3	30,9	5,9	11,8	16,2
Шығыс Қазақстан	33,8	41,4	9,7	11,7	3,4
Жамбыл	30,6	36,4	24,0	5,8	3,3
Батыс Қазақстан	12,5	41,7	22,2	18,1	5,6
Қарағанды	33,1	29,8	21,9	11,3	4,0
Қостанай	32,6	34,7	18,9	13,7	-
Қызылорда	57,3	39,3	1,1	1,1	1,1
Манғыстау	13,7	21,9	39,7	8,2	16,4
Павлодар	21,5	51,9	15,2	3,9	7,6
Солтүстік Қазақстан	26,8	46,4	14,3	1,8	10,7
Оңтүстік Қазақстан	2,6	25,5	55,7	14,7	1,5
Астана қ.	30,8	37,5	14,4	15,4	1,9
Алматы қ.	22,3	35,1	24,4	14,7	3,8

Зерттеу деректері бойынша жауап берген өзге ұлт өкілдері (15,8%) Қазақстандағы саясатты қалыптастыруға ықпал ету мүмкіндігіне сирек сенімділік танытады қазақ ұлты өкілдері (8,3%) мен орыс ұлты (12,0%) өкілдеріне қарағанда (11 кесте).

11 кесте

Сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі: «Сіздің ойыңызша, жас адамдардың Қазақстанның саяси өміріне қатысуға және оның қалыптасуына ықпал ету мүмкіндігі қандай?» (ұлттар арасынан, %)

	Қазақтар	Орыстар	Өзге ұлттар
Ықпалы өте зор	28,9	15,5	9,2
Біршама ықпалы ете алады	35,8	40,6	38,6
Болмашы ықпал ете алады	22,9	27,7	32,1
Еш ықпал ете алмайды	8,3	12,0	15,8
Жауап беруге қиналамын	4,1	4,2	4,3

Сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі: «Сіздің ойыңызша, жас адамдардың Қазақстанның саяси өміріне қатысуға және оның қалыптасуына ықпал ету мүмкіндігі қандай?» (жас ерекшеліктеріне қарай, %)

	14 жастан 18 жасқа дейін	19 жастан 23 жасқа дейін	24 жастан 29 жасқа дейін
Ықпалы өте зор	27,8	25,0	21,6
Біршама ықпалы ете алады	40,0	35,0	36,4
Болмашы ықпал ете алады	20,8	25,9	26,6
Еш ықпал ете алмайды	7,2	10,3	11,1
Жауап беруге қиналамын	4,2	3,8	4,4

Сауалнама барысында жас адамдарға мемлекеттік жастар саясатының мәнін анықтау ұсынылған болатын. Бірінші кезекте, **жастардың пікірінше, мемлекеттік жастар саясаты жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеуі тиіс (37,5%), екінші кезекте – жастардың дамуына жағдай жасауы тиіс (34,8%).**

Жауап бергендердің 18,9% мемлекеттік жастар саясатының мәні білім алуға көмек көрсетуде деп, сауалнамаға қатысқандардың 14,8% әлеуметтік проблемаларын шешу үшін көмек алғысы келетіндерін алға тартады.

Мемлекеттік жастар саясатының басқа қалыптасу тұстарына азшылық жауап нұсқалары белгіленген. Атап айтсақ, жауап бергендердің тек 5,3% жастар саясатының мәнін жауапты және дербес жастарды тәрбиелеу үшін қажет деп санайды, 5,1% «жастардың азаматтық белсенділігін арттыру» деген жауап нұсқасын белгілесе, жауап бергендердің 5,0% жастар саясатының институттарын дамыту қажет деп санайды.

Сондықтан жауап берген жастар мемлекеттік жастар саясатын көбіне жастардың әлеуметтік проблемаларын шешумен байланыстырады. Алайда жастар саясатының міндеттері мен қызметтері едәуір кең және көлемді болып келеді, сондықтан олар ұзақ мерзімді болашаққа жұмыс істеуі қажет.

Жауап бергендердің 2,7% мемлекеттік жастар саясатында еш мәні жоқ деп есептейтін жауаптарды атап өту қажет, ал 4,9% – елдегі жастар саясатының мәні неде екенін білмейтіндер (13 кесте).

Сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі: «Сіздің пікіріңізше, бірінші кезекте мемлекеттік жастар саясатының мағынасы неде?» (%)

	%*
Отансүйгіш жастарды тәрбиелеу	37,5
Жастардың дамуына жағдай жасау	34,8
Білім алуға көмектесу	18,9
Әлеуметтік мәселелерді шешуге жағдай жасау	14,8
Жас адамдарды өзін-өзі ұйымдастыруға үйрету	13,4
Мемлекеттің еңбек қорын қалыптастыру	8,2
Жас көшбасшыларды дайындау	7,1
Жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру	6,2
Жауапкершілігі мол және дербестікке бейім жастарды тәрбиелеу	5,3


	%*
Жастардың азаматтық белсенділігін ынталандыру	5,1
Жастар саясаты институттарын дамыту (жастар ресурстық орталығы, жастар саясаты жөніндегі басқарма және т.т.)	5,0
Мемлекеттің тағдырына деген жауапкершілікті тәрбиелеу	3,5
Белсенді жастардың қорын қалыптастыру	3,3
Жастар ортасында нашақорлықтың, токсикоманияның және маскүнемдіктің алдын алу	2,5
Мемлекеттің жастар саясатында аса мәні жоқ	2,7
Мемлекеттің жастар саясатының мәні неде екенін білмеймін	4,9
Жауап беруге қиналамын	3,5

* сомасы 100% тең емес, өйткені сұраққа жауап берушілерге жауаптың бірнеше нұсқасын таңдауға мүмкіндік берілді

Жауап берген 14 жастан 29 жасқа дейінгі жас адамдардың басым көпшілігі Қазақстандағы реформалар жастарды дамыту үшін жасалып жатқанына сенімді – жауап бергендердің 66,8% (бұл «иә» және «жүргізіледі деп ойлаймын» жауап нұсқаларының қосындысы). Жауап берушілердің ширектен азы (23,1%) бұл сұраққа теріс жауап берді. Жауап берген жастардың тағы 10% жауап беруге қиналды (9 диаграмма).

9 диаграмма

Сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі: «Сіздің пікіріңізше, Қазақстанда болып жатқан реформалар жастардың және жастар саясатының дамуына жүргізілме?» (%)



Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, оңтүстік аймақта тұратын жастар жиі мемлекеттік реформалардың жастар мүддесі үшін жүргізіліп жатқанын сөз етеді. Атап айтсақ, Жамбыл облысының жауап берушілерінің 81,0% болып жатқан реформалар жастардың және жастар саясатының дамуына жүргізілме деген сұраққа «иә» және «жүргізіледі деп ойлаймын» деген жауап нұсқаларын белгілеген. Қызылорда облысының жауап берушілері 84%, Оңтүстік-Қазақстанда – 76,9% және Қостанайда – 74,7% оң жауапты белгілеген.

Реформалардың жастар саясатын жақсарту үшін жүргізіліп жатқанына аз сенетін Алматы, Қарағанды, Маңғыстау, Солтүстік Қазақстан және Астана, Алматы қалаларында тұратын жастар белгілеген (14 кесте).

Сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі: «Сіздің пікіріңізше, Қазақстанда болып жатқан реформалар жастардың және жастар саясатының дамуына жүргізіле ме?» (облыстар бойынша, %)

	Иә	Жүргізілетін сияқты	Жүргізілмейтін сияқты	Жоқ	Жауап беруге қиналамын
Ақмола	9,0	64,1	17,9	2,6	6,4
Ақтөбе	20,6	45,1	10,8	2,9	20,6
Алматы	9,8	54,4	26,5	2,8	6,5
Атырау	16,2	50,0	2,9	16,2	14,7
Шығыс Қазақстан	16,6	42,8	11,0	11,7	17,9
Жамбыл	29,8	51,2	12,4	4,1	2,5
Батыс Қазақстан	18,1	52,8	11,1	8,3	9,7
Қарағанды	16,6	45,0	23,2	4,0	11,3
Қостанай	26,3	48,4	15,8	8,4	1,1
Қызылорда	28,1	56,2	7,9	3,4	4,5
Манғыстау	4,1	39,7	20,5	8,2	27,4
Павлодар	20,3	46,8	13,9	1,3	17,7
Солтүстік Қазақстан	1,8	39,3	16,1	8,9	33,9
Оңтүстік Қазақстан	14,7	62,2	14,4	8,2	0,6
Астана қ.	20,2	38,5	18,3	10,6	12,5
Алматы қ.	12,6	45,5	16,1	12,8	13,3

Есею кезінде жастар ұдайы қолдауға мұқтаж болады. Осы ретте тек материалдық қолдау емес, сондай-ақ моральді қолдау жас адамдардың психологиялық тұрғысынан дұрыс дамуына ықпал ететіні маңызды. Сауалнама нәтижелері көрсеткендей жауап берушілердің басым көпшілігі **бірінші кезекте, ата-аналарының, туғандарының және жақындарының қолдауына мұқтаж – 87,1%, ал екінші кезекте достарының және таныстарына арқа сүйейді (40,6%)**.

Басқа жауаптардың үлесі жоғарыда келтірілген бірінші екі жауап нұсқаларына едәуір төмен орналасады. Атап айтсақ, жауап берушілердің 7,1% жас адамдар әкімдіктің, мәслихаттың өкілдеріне, жауап берушілердің тағы 6,1% жастар ресурстық орталықтарына арқа сүйеулері тиіс деген.

Қолдаушы ретінде сынып жетекшісі, топ кураторы деп жауап берушілердің 5,6% белгіледі (15 кесте).

Сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі: «Ер жету кезінде жастар кімнің қолдауына мұқтаж болады деп есептейсіз?» (%)

	%
Ата-аналар, туыстар, жақындары	87,1
Достары, курстастары, әріптестері	40,6
Әкімдік өкілі, мәслихат өкілі	7,1
Жастар ресурстық орталығының өкілі	6,1
Сынып жетекшісі, топ кураторы	5,6
Саяси партия, қоғамдық бірлестік өкілі	4,1
Мектеп директоры	3,1
Үкіметтік емес жастар ұйымының өкілі	1,4
Діни ұйымының өкілі	0,9
Басқа	0,6
Өзіме, өз күшіме ғана сенім артамын	1,9
Жауап беруге қиналамын	2,5

* сомасы 100% тең емес, өйткені сұраққа жауап берушілерге жауаптың бірнеше нұсқасын таңдауға мүмкіндік берілді

3.2 Жастарды қолдауға және дамытуға бағытталған мемлекеттік құрылымдар туралы хабардар болу

Зерттеу шеңберінде жастарға қолдау көрсететін негізгі мемлекеттік құрылымдар туралы жастардың хабардарлығы туралы деңгейі анықталды. Жұмысы хабардар болған ең жоғары деңгейде **ҚР білім және ғылым министрлігінің Жастар саясаты департаменті – 43,4%**, сұраққа жауап беруші жастардың тағы 1,3% ҚР БЖҒМ Департаментінің қызметіне қатысқандарын айтты.


ҚР Президенті жанындағы жастар саясаты туралы кеңес қызметі жайлы 38,1% хабардар болды, оның өзінде жартысынан көбі Кеңес жұмысы туралы хабарсыз екендерін жасырмады – 52,2%.

Жастарға қолдау көрсететін тағы бір құрылым – ол облыстар және қалалардағы Жастар ресурстық орталықтары, олар жайлы жауап берушілердің 33,9% хабардар. Алайда қатысушылардың басым көпшілігі аймақтардағы ЖРО жұмысы туралы хабарсыз болып шықты немесе жауаптарына сенімді емес – сәйкесінше 51,5% және 10,8%.

Жастардың мәселелерін зерттеумен айналысатын «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы туралы жауап берушілердің 31,4% хабардар және жауап берушілердің тағы 5,3% «Жастар» ҒЗО қызметіне қатысқандарын жеткізді (10 диаграмма).

10 диаграмма

Сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі: «Жастар саясатының Сізге қандай құрылымы таныс, олардың қайсысының жұмысына Сіз қатыстыңыз?» (%)



Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Жастар саясатының департаменті туралы хабардар болудың жоғары деңгейі Атырау, Батыс Қазақстан және Қызылорда облыстарында байқалады.

ҚР БҒМ ЖСД жайлы Ақмола, Қарағанды және Оңтүстік Қазақстан облыстарында айтарлықтай сирек естігені анықтылып отыр (16 кесте).

Сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі: «Жастар саясатының Сізге қандай құрылымы таныс, олардың қайсысының жұмысына Сіз қатыстыңыз?» –

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІНІҢ ЖАСТАР САЯСАТЫНЫҢ ДЕПАРТАМЕНТІ» (облыстар
бойынша %)**

	Қатыстым	Естідім, бірақ қатысқан емеспін	Білмеймін/ естіген емеспін	Жауап беруге қиналамын
Ақмола	-	33,3	66,7	-
Ақтөбе	1,0	46,1	44,1	8,8
Алматы	-	42,8	50,7	6,5
Атырау	1,5	72,1	26,5	-
Шығыс Қазақстан	-	37,9	30,3	31,7
Жамбыл	1,7	42,1	46,3	9,9
Батыс Қазақстан	1,4	51,4	36,1	11,1
Қарағанды	4,0	25,8	64,2	6,0
Қостанай	1,1	49,5	42,1	7,4
Қызылорда	4,5	76,4	12,4	6,7
Манғыстау	1,4	49,3	47,9	1,4
Павлодар	1,3	45,6	36,7	16,5
Солтүстік Қазақстан	-	33,9	39,3	26,8
Оңтүстік Қазақстан	0,3	35,8	63,9	-
Астана қ.	3,8	45,2	32,7	18,3
Алматы қ.	1,4	45,5	46,0	7,1

Сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі: «Жастар саясатының Сізге қандай құрылымы таныс, олардың қайсысының жұмысына Сіз қатыстыңыз?» –

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІ ЖАНЫНДАҒЫ ЖАСТАР
САЯСАТЫ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС» (облыстар бойынша, %)**

	Қатыстым	Естідім, бірақ қатысқан емеспін	Білмеймін/ естіген емеспін	Жауап беруге қиналамын
Ақмола	-	32,1	67,9	-
Ақтөбе	1,0	38,2	51,0	9,8
Алматы	-	54,0	40,9	5,1
Атырау	5,9	61,8	32,4	-
Шығыс Қазақстан	0,7	35,2	32,4	31,7
Жамбыл	1,7	38,0	47,9	12,4
Батыс Қазақстан	1,4	44,4	44,4	9,7
Қарағанды	3,3	24,5	66,9	5,3
Қостанай	-	44,2	49,5	6,3
Қызылорда	2,2	74,2	16,9	6,7
Манғыстау	-	64,4	35,6	-
Павлодар	3,8	36,7	43,0	16,5
Солтүстік Қазақстан	-	23,2	50,0	26,8
Оңтүстік Қазақстан	-	17,9	82,1	-
Астана қ.	-	38,5	39,4	22,1
Алматы қ.	-	36,0	56,4	7,6

Сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі: «Жастар саясатының Сізге қандай құрылымы таныс, олардың қайсысының жұмысына Сіз қатыстыңыз?» – ОБЛЫС/ ҚАЛА ЖАСТАР САЯСАТЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ БАСҚАРМА/ ІШКІ САЯСАТ БАСҚАРМАСЫ (облыстар бойынша, %)

	Қатыстым	Естідім, бірақ қатысқан емеспін	Білмеймін/ естіген емеспін	Жауап беруге қиналамын
Ақмола	5,1	24,4	65,4	5,1
Ақтөбе	2,9	46,1	40,2	10,8
Алматы	-	34,9	56,3	8,8
Атырау	10,3	52,9	36,8	-
Шығыс-Қазақстан	0,7	33,1	33,1	33,1
Жамбыл	7,4	43,0	36,4	13,2
Батыс-Қазақстан	1,4	58,3	34,7	5,6
Қарағанды	3,3	21,9	68,2	6,6
Қостанай	2,1	40,0	52,6	5,3
Қызылорда	9,0	60,7	23,6	6,7
Манғыстау	2,7	38,4	57,5	1,4
Павлодар	2,5	44,3	36,7	16,5
Солтүстік-Қазақстан	-	35,7	39,3	25,0
Оңтүстік-Қазақстан	-	17,0	83,0	-
Астана	-	42,3	35,6	22,1
Алматы	0,9	32,7	55,0	11,4

Сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі: «Жастар саясатының Сізге қандай құрылымы таныс, олардың қайсысының жұмысына Сіз қатыстыңыз?» – ЖАСТАР РЕСУРСТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ» (облыстар бойынша, %)

	Қатыстым	Естідім, бірақ қатысқан емеспін	Білмеймін/ естіген емеспін	Жауап беруге қиналамын
Ақмола	1,3	28,2	64,1	6,4
Ақтөбе	3,9	32,4	52,9	10,8
Алматы	-	16,3	74,0	9,8
Атырау	16,2	79,4	4,4	-
Шығыс Қазақстан	3,4	31,7	29,7	35,2
Жамбыл	19,8	45,5	25,6	9,1
Батыс Қазақстан	1,4	47,2	41,7	9,7
Қарағанды	2,0	19,9	68,9	9,3
Қостанай	7,4	37,9	48,4	6,3
Қызылорда	6,7	70,8	15,7	6,7
Манғыстау	4,1	30,1	64,4	1,4
Павлодар	1,3	31,6	50,6	16,5
Солтүстік Қазақстан	-	14,3	60,7	25,0
Оңтүстік Қазақстан	0,3	36,1	63,6	-
Астана қ.	1,9	36,5	36,5	25,0
Алматы қ.	2,8	25,1	56,9	15,2

Сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі: «Жастар саясатының Сізге қандай құрылымы таныс, олардың қайсысының жұмысына Сіз қатыстыңыз?» – «ЖАСТАР» ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ (облыстар бойынша, %)

	Қатыстым	Естідім, бірақ қатысқан емеспін	Білмеймін/ естіген емеспін	Жауап беруге қиналамын
Ақмола	-	29,5	64,1	6,4
Ақтөбе	4,9	35,3	50,0	9,8
Алматы	2,3	22,3	61,9	13,5
Атырау	9,4	20,6	60,4	9,6
Шығыс Қазақстан	0,7	26,2	39,3	33,8
Жамбыл	19,8	40,5	33,1	6,6
Батыс Қазақстан	2,8	38,9	43,1	15,3
Қарағанды	2,6	19,2	68,9	9,3
Қостанай	29,5	10,5	40,0	20,0
Қызылорда	9,0	69,7	15,7	5,6
Манғыстау	-	6,8	82,2	11,0
Павлодар	-	32,9	46,8	20,3
Солтүстік Қазақстан	1,8	19,6	55,4	23,2
Оңтүстік Қазақстан	-	32,8	66,9	0,3
Астана қ.	3,8	39,4	33,7	23,1
Алматы қ.	1,9	28,9	57,8	11,4

Жастар ресурстық орталықтары жастар бастамаларына ақпараттық-әдістемелік, кеңес беру, көмек көрсету және қолдауды жүзеге асыратын заңды тұлғалар болып табылады, олар жастар арасындағы жағдайға мониторинг жүргізіп, талдау жасайды. Бұл жуырда ғана құрылған ұйымдар, бірақ оған қарамастан қазақстандық жастармен жұмысты белсенді түрде жүзеге асыруда.

Осыған дейін мәлім болғандай Жастар ресурстық орталықтары жайлы жауап берушілердің 33,9% естіп, 3,8% ЖРО қызметіне атсалысты. Сіз аймақтардағы ЖРО қандай көмек алғыңыз келеді? Атап айтсақ, жауап берушілердің басым көпшілігі (48,8%) ЖРО жастарға жұмысқа орналасуға және оларды жұмыспен қамтуға қолдау көрсету керек деп есептейді. Жастар үшін енді тағы күрделі проблемалардың бірі баспана мәселесі болып саналады. Сондықтан жауап берушілердің 42,7% ЖРО қолжетімді баспана алуға арналған бағдарламаға қатысуға жәрдемдесуі тиіс деп есептейді.

Сауалнама нәтижесі бойынша жауап беруші жастардың 14,9% Жастар ресурстық орталығынан көмек алуға мұқтаж емес болып шықты (21 кесте).

Сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі: «Ойланып, айтыңызшы жастар ресурстық орталықтардан қандай көмек немесе қызмет алғысы келеді?» (%)

	%
Қолжетімді баспана бағдарламасына қатысуын қолдау	42,7
Жұмысқа орналасуға және жұмыспен қамтылуын қолдау	48,8
Жоғары білім алуға қолдау көрсету	28,4
Кәсіпкерлік қызметін жастар арасында дамуын қолдау	21,9
Мәдени, ойын-сауық шараларды дамытуға қолдау көрсету	17,4
Техникалық және кәсіптік білім алуда көмекке мұқтаждық	15,6
Заңгердің, құқықты қорғаушы	12,6
Психолог, әлеуметтік қызметкер	11,3
Басқа	0,6
Мен Жастар ресурстық орталықтарының көмегіне мұқтаж емеспін	14,9
Жауап беруге қиналамын	7,2


* сомасы 100% тең емес, өйткені сұраққа жауап берушілерге жауаптың бірнеше нұсқасын таңдауға мүмкіндік берілді

Сонымен жастардың ұйымдар, жобалар, мемлекеттік жастар саясаты институттары жайлы білім деңгейлерін зерттеу барысында бұл салада қолдауға және дамуға бағытталған бағдарламалар мен жобаларды жүзеге асыру үшін жастар ұйымдарына, жастар саясатына қатыстыруға жас азаматтарды ақпараттандыру жөніндегі қызмет үшін кеңінен жұмыс жасауға мүмкіндік бар екенін атап өту керек.

Қаншалықты жеткілікті мемлекет және мемлекеттік органдар жастарды қолдау мәселелеріне көңіл аударатындығы жайлы жастардың пікірлері бөлінді. Жауап берушілердің 14 жастан 29 жасқа дейінгі 42,8% бұл сұраққа оң жауап берді, ал 45,5% «жоқ, жеткіліксіз» деген жауап нұсқасын белгіледі. Жауап берушілердің тағы 11,7% бірқалыпты жауап беруге қиналды (11 диаграмма).

11 диаграмма

Сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі: «Сіздің ойыңызша, мемлекеттік органдар жастарды қолдау мәселесіне жеткілікті деңгейде көңіл аудара ма?» (%)



Мемлекеттік органдардың қолдауын Ақтөбе, Атырау, Жамбыл және Қызылорда облыстарында сезінеді. Жастарды қолдау мәселелеріне жеткіліксіз көңіл аударылады деп Ақмола, Алматы және Қарағанды облыстарында тұратын жастар есептейді (22 кесте).

22 кесте


Сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі: «Сіздің ойыңызша, мемлекеттік органдар жастарды қолдау мәселесіне жеткілікті деңгейде көңіл аудара ма?» (облыстар бойынша, %)

	Иә, жеткілікті	Жоқ, жеткіліксіз	Жауап беруге қиналамын
Ақмола	34,6	56,4	9,0
Ақтөбе	56,9	26,5	16,7
Алматы	40,5	54,4	5,1
Атырау	54,4	45,6	-
Шығыс Қазақстан	46,2	37,9	15,9
Жамбыл	52,1	42,1	5,8
Батыс Қазақстан	40,3	43,1	16,6
Қарағанды	25,8	65,6	8,6
Қостанай	51,6	40,0	8,4
Қызылорда	79,8	12,4	7,9
Манғыстау	32,9	31,5	35,6
Павлодар	36,7	34,2	29,1
Солтүстік Қазақстан	8,9	50,0	41,1
Оңтүстік Қазақстан	47,8	49,3	2,9
Астана қ.	38,5	48,1	13,5
Алматы қ.	32,2	52,1	15,6

Сұраққа жауап берген қазақ ұлты өкілдерінің басым көпшілігі, атап айтсақ 46,8% мемлекеттік органдар жастарды қолдау мәселелеріне жеткілікті деңгейде көңіл аударады деп есептейді. Орыс және өзге ұлт өкілдері арасынан осындай қолдауды сезінетіндер саны айтарлықтай аздықты көрсетеді (12 диаграмма).

12 диаграмма

Сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі: «Сіздің ойыңызша, мемлекеттік органдар жастарды қолдау мәселесіне жеткілікті деңгейде көңіл аудара ма?» (ұлттар арасында, %)



Бұрынғыдай жастар үшін мемлекет тарапынан ерекше көңіл аударуы тиіс ең маңызды салалар – жұмыспен қамту (69,2%), баспанамен қамту (41,8%) және білім (25,3%) салалары болып табылады.

Жастарды қолдау және дамыту бойынша басқа бағыттар едәуір сирек тілге тиек етіледі. Атап айтсақ, нашақорлықпен, маскүнемдікпен күрес мәселесін жауап берушілердің тек 9,3%, жастар арасындағы қылмыстылықты 7,9%, ал жастардың бос уақытын ұйымдастыру мәселесін жауап берушілердің 5,9% атады (23 кесте).

Таблица 23

Сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі: «Сіздің пікіріңізше, жастарды дамытуда және оларға қолдау көрсету кезінде бірінші кезекте қандай бағыттар мемлекет тарапынан назарда ұстауды талап етеді?» (%)

	%
Жастарды жұмысқа орналастыру	69,2
Тұрғын-үймен қамту	41,8
Сапалы және қолжетімді білім алу	20,3
Нашақорлық, маскүнемдікпен күрестің алдын алу	9,3
Жастарды отансүйгіштік тұрғыда тәрбиелеу	8,7
Жастар арасындағы қылмыстылық	7,9
Жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру	7,5
Жастардың бос уақытын ұйымдастыру	5,9
Басқа	0,4
Жауап беруге қиналамын	4,3

* сомасы 100% тең емес, өйткені сұраққа жауап берушілерге жауаптың бірнеше нұсқасын таңдауға мүмкіндік берілді

3.3 Мемлекеттік бағдарламалар және жастар жобалары туралы хабардар болу

Жастар саясатындағы маңызды мәселелерді жастар жобалары атқарады, олар тиімді коммуникативті алаң болып табылады. Біріншіден, жастар бір-бірімен белсенді ынтымақтастықты құрады, екіншіден, жастар белсенді түрде мемлекеттік құрылымдармен бірлесіп, өзекті мәселелерді шешуге атсалысады.

Жобалар мен бағдарламалар туралы хабардар болудың жастар арасындағы жағдайы келесідей қалыптасты. Жауап берушілердің үштен бір бөлігі (32,9%) жастар тәжірибесі шеңберінде жұмысқа орналасу мүмкіндігі жайлы естіген екен. Тағы 14,9% бұл бағдарлама туралы біледі, өйткені өздері бұл бағдарламаға қатысты (3,0%) немесе осы бағдарламаға қатысқандары туралы өздерінің достары, таныстарынан біледі (11,9%) (13 диаграмма).

Осыған қарамастан Жастар тәжірибесі туралы мүлдем ешнәрсе білмейтін жас адамдар үлесі басым көпшілікті құрап отыр (47,0%).

Сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі: «Айтыңызшы, Сіз оқу орындарының түлектерін Жастар тәжірибесі шеңберінде жұмысқа орналастыру туралы білесіз бе немесе естуіңіз бар ма?» (%)



Жас адамдардың «Жұмыспен қамту жол картасы -2020» бағдарламасы туралы хабардар болу деңгейі айтарлықтай жоғары. Басым көпшілігі қалай да болсын бағдарлама туралы біледі немесе естуі бар (79,5%).

Жауап берушілердің 23,5% «Жұмыспен қамту жол картасы -2020» бағдарламасы туралы білетіндері жайлы жауап берді, олардың ішіндегі 4,7% жеке өздері осы бағдарламаға қатысты, яғни жұмысқа орналасты.

Бағдарлама туралы мүлдем ешнәрсе білмейтіндер және естімегендер үлесі жауап берушілердің 8,2% құрайды (24 кесте).

24 кесте

Сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі: «Айтыңызшы, «Жұмыспен қамту жол картасы -2020» бағдарламасы туралы білесіз бе немесе естуіңіз бар ма?» (%)

	%
Иә, білемін «Жұмыспен қамту жол картасы -2020» бағдарламасына қатыстым	2,8
Иә, білемін, қазіргі уақытта «Жұмыспен қамту жол картасы -2020» бағдарламасының арқасында жұмысқа орналастым	1,9
Иә, білемін, «Жұмыспен қамту жол картасы -2020» бағдарламасында менің достарым, таныстарым қатысты	18,9
«Жұмыспен қамту жол картасы -2020» бағдарламасы туралы естуім бар	55,9
Басқа	1,2
Жоқ, естіген емеспін	8,2
Жауап беруге қиналамын	11,1

«Дипломмен – ауылға!» жастар жобасы жас адамдар арасында жектілікті деңгейде таралғанын көрсетеді, ол туралы сауалнама нәтижелері көрсетеді. Жауап берушілердің 79,2% «Дипломмен – ауылға!» жобасы туралы естіген немесе біледі. Оның ішінде 2,5% жоба туралы біледі, өйткені жеке өздері осы жобаға қатысты (25 кесте).

«Дипломмен – ауылға!» жастар жобасы туралы мүлдем ешнәрсе білмейтіндер жауап берушілердің 9,2% құрайды.

Сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі: Айтыңызшы «Дипломмен - ауылға!» жобасы туралы білесіз бе немесе естіуіңіз бар ма?» (в %)

	%
Иә, білемін, «Дипломмен - ауылға!» жобасына қатыстым	1,3
Иә, білемін, «Дипломмен - ауылға!» жобасының арқасында қазіргі уақытта жұмысқа орналастым	1,2
Иә, білемін, «Дипломмен - ауылға!» жобасына достарым, таныстарым қатысты	18,4
Жоқ, «Дипломмен - ауылға!» жобасы туралы естіген емеспін	58,3
Басқа	1,1
Жоқ, естіген емеспін	9,2
Жауап беруге қиналамын	10,5

Тарау бойынша қорытындылар

1. Қазақстан Республикасындағы Мемлекеттік жастар саясаты жастардың рухани, мәдени, білім, кәсіптік қалыптасуын, бүкіл қоғамның мүддесі үшін оның шығармашылық әлеуетін ашуға әлеуметтік-экономикалық, құқықтық, ұйымдастырушылық жағдайлар мен кепілдерді құру мақсатында жүзеге асырылады. Жастарды қолдауды және дамытуды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың қызметі және мемлекеттік жастар саясаты туралы жастардың хабардар болу деңгейі жыл сайын өсіп келеді. Атап айтсақ, 14 жастан 29 жасқа дейінгі жауап беруші жас адамдардың 75,2% мемлекеттік жастар саясатының жүзеге асырылуымен қанағаттанады.

2. Жауап беруші жастардың ширегі (24,4%) Қазақстанның саясатын қалыптастыруға зор ықпал етеді және толыққанды оның қатысушысы бола алады деп санайды. Жауап берушілердің тағы 37,0% жастардың мүмкіндіктерін «біршама ықпалы ете алады» деп бағалайды.

3. Жастардың көпшілігімен мемлекеттік жастар саясатының мәнін түсіну мемлекеттік жастар саясатының алдына қойылып отырған міндеттерге сәйкес келеді. Бұл жастар саясатының бағыты жастар үшін түсінікті дегенді білдіреді, әрине жастар саясатының позитивті көзқарасты қалыптастырудың жақсы негізі болып табылады. Жауап берушілердің басым көпшілігі екі негізгі бағытты белгілейді – отансүйгіш жастарды тәрбиелеу (37,5%) және жастардың дамуына жағдай жасау керек (34,8%).

4. 14 жастан 29 жасқа дейінгі жауап беруші жас адамдар 66,8% Қазақстанда жүзеге асырылып жатқан реформалар елдің жастары үшін жасалып жатыр деп санайды.

5. Жастар саясатын жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың қызметі туралы хабардар болу деңгейін көтеру қажет. Жас адамдар жастар ресурстық орталықтары тарапынан (ЖРО өкілінің қолдауын тек 5,1% белгіледі) және жастар ұйымдарынан (1,4%) қолдауды сезінбейді. Мүмкін бұл осы құрылымдардың мемлекеттік жастар саясаты туралы ақпараттарды төмен деңгейде танымал етумен байланысты болар, олардың мақсаты, жастарға көрсете алатын қызметтері мен міндеттері туралы. Сондықтан олардың мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асырудағы рөлін, масқаттары мен міндеттерін нақтылап, мектеп оқушылар үшін сынып сағаттарын, ТжҚО,

ЖОО ашық дәрістерін өткізу, Жастар ресурстық орталықтары мен жастар ұйымдарында және т.т. әдістемелік материалдарды таратып, ашық есік күндерін ұйымдастыру арқылы жас адамдардың әрбір өкіліне дейін осы ақпаратты жеткізу керек.

6. Жауап беруші жас адамдардың жастарды қолдау және дамыту үшін жүзеге асырылатын мемлекеттік бағдарламалар мен жастар жобалары туралы түрлі деңгейде хабардар болуда. Атап айтсақ, егер «Жұмыспен қамту картасы -2020» және «Дипломмен – ауылға!» туралы естіген болса, Жастар практикасы жайлы жауап берушілердің басым көпшілігі мүлдем білмейді.

IV тарау. ЖАСТАРДЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ БЕЛСЕНДІЛІГІ


4.1 Жастардың саяси белсенділігі

Жастардың саяси белсенділігінің деңгейін көбіне елдегі жалпы саяси үрдістердің жылжу сипаты анықтайды, тұрақтылыққа және саяси үрдістің көлеміне ықпал етеді. Саяси белсенділік толыққанды тұрақты деңгейде қоғамдық-саяси ұйымдар, партиялардың қызметіне, сондай-ақ сайлау күнінде дауыс беру кезінде көрініс табады.

Жауап беруші жастардың басым көпшілігі саяси өмірге қызығушылық танытады – 77,3%. Олардың жас адамдардың ширегі ұдайы (24,8%) және жартысынан көбі саяси өмірге кей кездері қызығушылық танытады (52,5%) (14 диаграмма).

14 диаграмма

Сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі: «Сіз елдегі саяси өмірге қызығушылық танытасыз ба?» (%)



Саяси өмірге деген қызығушылықты жиі Ақмола (91,0%), Ақтөбе (87,2%), Алматы (91,2%), Шығыс Қазақстан (82,8%), Жамбыл (82,6%), Қызылорда (91,0%) облыстарында және Астана қаласында (82,7%) тұратын жастар көрсетеді.

Саяси өмірге деген қызығушылық төмен деңгейде Батыс-Қазақстан (25,0%), Манғыстау (34,2%), Солтүстік Қазақстан (30,4%) және Оңтүстік Қазақстан (37,5%) облыстарында байқалады (26 кесте).


Сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі: «Сіз елдегі саяси өмірге қызығушылық танытасыз ба?» (облыстар бойынша, %)

	Иә, әрдайым қызығушылық танытамын	Кей кездері ғана қызығушылық танытамын	Мүлдем қызығушылық танытпаймын	Жауап беруге қиналамын
Ақмола	20,5	70,5	6,4	2,6
Ақтөбе	34,3	52,9	7,8	4,9
Алматы	27,9	63,3	5,6	3,3
Атырау	35,3	25,0	16,2	23,5
Шығыс Қазақстан	29,0	53,8	11,7	5,5
Жамбыл	28,1	54,5	15,7	1,7
Батыс Қазақстан	25,0	50,0	25,0	-
Қарағанды	27,8	51,7	19,2	1,3
Қостанай	29,5	48,4	18,9	3,2
Қызылорда	39,3	51,7	5,6	3,4
Манғыстау	5,5	58,9	34,2	1,4
Павлодар	16,5	59,5	22,8	1,3
Солтүстік Қазақстан	14,3	46,4	30,4	8,9
Оңтүстік Қазақстан	12,6	49,6	37,5	0,3
Астана қ.	31,7	51,0	14,4	2,9
Алматы қ.	28,4	46,9	23,7	0,9

Егер саяси өмірге деген қызығушылықты ұлттар жағынан қарайтын болсақ, онда көзқарас келесідей. Жауап беруші жас қазақтардың ширегі (26,8%) саяси өмірге қызығушылық танытады. Бұл көрсеткіш орыс және өзге ұлт өкілдері арасына әлдеқайда төмен – сәйкесінше 20,9% және 17,4% (15 диаграмма).

15 диаграмма

Сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі: «Сіз елдегі саяси өмірге қызығушылық танытасыз ба?» (ұлттар арасынан, %)




Нәтижесі көрсеткендей, сұраққа жауап беретіндерінің жасы кіші болған сайын, соншалықты саяси өмірге ұдайы қызығушылық төмендей түседі. Атап айтсақ, 14 жастан 29 жасқа дейінгі жауап берушілердің 22,7% ұдайы

саяси өмірге қызығушылық етеді, ал 24 жастан 29 жасқа дейінгі жауап берушілердің арасында бұл көрсеткіш 26,6% құрады.

18 жастан кіші жас адамдар саяси өмірге қызығушылықты **«кей кездері» деңгейінде** - 56,0% деп белгіледі, 24 жастан ересек адамдар арасындағы бұл көрсеткіш 49,6% құрайды (16 диаграмма).

16 диаграмма

Сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі: «Сіз елдегі саяси өмірге қызығушылық танытасыз ба?» (жас ерекшеліктері жағынан, %)



Әрі қарай жас адамдарды елдің саяси өмірінде жастардың рөлі қандай деген сұраққа жауап беру сұралды. Көпшілігі жастардың ел саясатына қатысудың негізгі нысаны – бұл сайлау кезінде белсенді түрде ауыс беруге қатысу (48,4%) деп санайды.

27 кесте

Сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі: «Сіз қалай есептейсіз Қазақстанның саяси өмірінде жастар қандай рөл атқарады?» (%)

	%
Сайлау кезінде белсенді түрде дауыс беруге қатысады	48,4
Мемлекеттік жастар бірлестіктері мен ұйымдарына қатысады	22,3
Саясатқа түрлі қоғамдық ұйымдар және саяси партиялар арқылы ықпал етеді	21,7
Мемлекеттік билік және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында қызмет етеді	15,7
Мемлекеттік жастар саясатының жүргізілуіне ықпал етеді	15,5
Митингтер, наразылық акцияларына қатысады	13,2
Өз замандастарымен қақтығыстар мен тәртіпсіздік шараларына қатысады	4,6
Елдің саяси өміріне еш ықпал етпейді	15,8
Жауап беруге қиналамын	8,7

* сомасы 100% тең емес, өйткені сұраққа жауап берушілерге жауаптың бірнеше нұсқасын таңдауға мүмкіндік берілді

Жауап берушілердің 22,3% «мемлекеттік жастар ұйымдары мен бірлестіктеріне қатысу» деген жауап нұсқасын белгіледі (27 кесте).

Жас жауап берушілердің 17,8% жастардың саяси өмірге қатысудағы рөлі – бұл митингтер, наразылық шаралары және қақтығыстар мен

тәртіпсіздік шараларына қатысуда деген жауапты таңдағандарын атап өту керек.

Жастар арасында елдің саяси өміріне еш ықпал етпейді деген жауап нұсқасын жауап берушілердің 15,8% белгіледі.

4.2 Жастардың қоғамдық қызметке және еріктілер қозғалысына қатысуы

Зерттеу нәтижесі көрсеткендей жауап беруші жастардың басым көпшілігі, **атап айтсақ 76,3% елдің қоғамдық өміріне қатыспай, қоғамдық қызметке араспайтын болып шықты.**

Сауалнамаға қатысқан жастардың 20,0% әлдебір қоғамдық қызметке араласатынын жеткізді, оның ішінде жауап берушілердің 8,9% ұдайы жастар акциялары мен шараларына қатысады екен, 5,9% жастар қоғамдық ұйымдарының белсенді мүшелері болып табылады, жауап берушілердің тағы 2,8% жастар емес басқа қоғамдық ұйымдардың белсенділері болып қызмет ететіндері туралы жауап берді. Өздерін жастар қоғамдық ұйымдарының басшысы ретінде танытқан жауап берушілердің 1,9% белгіледі (28 кесте).

28 кесте

Сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі: «Айтыңызшы, еліміздің қоғамдық өміріне қатысасыз ба?» (%)

	%
Жастар қоғамдық ұйымының белсендісі (сонымен қатар еріктілер қозғалысы)	5,9
Жастар акцияларына, шараларына белсенді түрде қатысамын	8,9
Жастар қоғамдық ұйымының жетекшісі болып табыламын	1,9
Жастар емес, өзге қоғамдық ұйымның белсендісімін	2,8
Басқа қоғамдық ұйымның жетекшісімін	0,6
Жоқ, қоғамдық қызметпен айналыспаймын	76,3
Жауап беруге қиналамын	3,5

Әлдебір елдің қоғамдық қызметіне араласатындар арасынан көрінген жауап берушілердің 96% ұйымдардың мүшелері болып табылатындар. Оның ішінде үштен бір бөлігі спорттық ұйымдардың мүшелері (30,4%), жастар ұйымдарының мүшелері жауап берушілердің 24,1% құрайды, тағы 13,5% мәдени-ұлттық бірлестіктердің мүшелері, 9,3% саяси партиялардың, бірлестіктердің мүшелеріміз деп жауап берді (29 кесте).

Сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі: «Сіз қандай да бір ұйымның мүшесі болып табыласыз ба?» (%)

	%
Спорттық ұйым	30,4
Жастар ұйымы	24,1
Ұлттық-мәдени бірлестік	13,5
Ғылыми, шығармашылық бірлестік	10,1
Саяси бірлестік, партия	9,3
Әуесқойлық клубы (автоәуесқойшылық, жануарларды қорғау және т.т.)	6,5
Діни бірлестік	1,9
Басқа	0,4
Ұйымның мүшесі емеспін	1,5
Жауап беруге қиналамын	20,5

Қоғамдық қызметпен айналысатын жастарға жастар қоғамдық ұйымдарына қатысуға не ынталандырады деген сұрақ қойылды. Жауап беруші жастардың **37,6% қоғамдық қызметке араласу кезінде қоғамға, адамдарға пайдасын келтіру ынталандырады дейді.** Жауап берушілердің үштен бір бөлігі (30,2%) қоғамдық ұйымдардың жұмысына қатысу арқылы жұмыс тәжірибесін және жалпы өмірлік тәжірибе жинақтауға талпынады екен (30 кесте).

30 кесте

Сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі: «Жастар ұйымдарына қатысуға Сізді не ынталандырады?» (%)

	%
Қоғамға, адамдарға пайдасын келтіру ынтасы	37,6
Жұмыс, жалпы өмір тәжірибесін алу	30,2
Басшылық қызметке орналасу ынтасы	9,3
Жоғары әлеуметтік деңгейге көтерілу ынтасы	4,4
Мансап сатысы бойынша жоғарылау ынтасы	4,4
Басқа	0,6
Жауап беруге қиналамын	13,5

Еріктілік әлеуметтік тәжірибе, адамгершілікті және моральдық-өнегелік құндылықтарды тәрбиелеу, жастардың бойында ең тиімді және мақсатқа сәйкес құралдарды қалыптастырудың бірі жас қазақстандықтарды оқыту және тәрбиелеу бойынша инновациялық тәрбиешілік көзқарас болып табылады.


Осы сәтке Қазақстан үшін еріктілік аяғына тұру сатысында тұр, оның тиісті қиыншылықтары мен болашақтары бар. Еріктілер кезігетін өткір проблемалардың бірі мыналар: еріктілердің дәрежесі төмен, білім мекемелері мен бизнес-құрылымдар тарапынан қолдауға мұқтаж, тегін жұмыс күші ретінде қабылдау, еріктілікке қолжетімділік қиындатылған және т.т.

Сауалнама нәтижесі көрсеткендей жауап беруші **жастардың көпшілігі еріктілік туралы біледі немесе естуі бар – 66,0%**. Оның ішінде 5,3% өздері жеке ерікті болған немесе қазіргі уақытта шараларға ерікті ретінде қатысады екен (17 диаграмма).

Жауап берушілердің үштен бір бөлігі, атап айтсақ 29,5%, еріктілік туралы мүлдем естімеген болып шықты.

17 диаграмма

Сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі: «Сіз еріктілер туралы білесіз бе немесе естуіңіз бар ма?» (%)



Сауалнама нәтижесі көрсеткендей қазақстандық жастары арасынан еріктілердің көпшілігі («иә, белсенді қатысушы, ерікті» жауап нұсқасын белгілегендер) Шығыс Қазақстан (13,1%), Батыс Қазақстан (11,1%) және Манғыстау (12,3%) облыстарында шоғырланған.

Еріктілік туралы хабардар болудың жоғары деңгейі Ақмола (76,9%), Қостанай (84,2%), Павлодар (72,2%) облыстарында және Алматы қаласында (80,6%) тұратын жастарға тиіселі.

Еріктілік туралы хабардар болудың төмен деңгейі Алматы (38,6%), Жамбыл (41,3%), Оңтүстік Қазақстан облыстарында белгіленген (43,1%) (31 кесте).

Сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі: «Сіз еріктілер туралы білесіз бе немесе естуіңіз бар ма?» (облыстар бойынша, %)

	Иә, белсенді қатысушы - ерікті болдым/қазір еріктілер қатарындамын	Иә, естуім бар, бірақ ешқашан қатысқан емеспін	Жоқ, бірінші рет естіп отырмын	Жауап беруге қиналамын
Ақмола	2,6	76,9	17,9	2,6
Ақтөбе	3,9	69,6	18,6	7,8
Алматы	0,9	58,1	38,6	2,3
Атырау	8,8	55,9	27,9	7,4
Шығыс Қазақстан	13,1	44,1	29,0	13,8
Жамбыл	5,0	42,1	41,3	11,6
Батыс Қазақстан	11,1	55,6	33,3	-
Қарағанды	8,6	63,6	24,5	3,3
Қостанай	6,3	84,2	9,5	-
Қызылорда	2,2	61,8	24,7	11,2
Манғыстау	12,3	47,9	38,4	1,4
Павлодар	5,1	72,2	21,5	1,3
Солтүстік Қазақстан	1,8	62,5	28,6	7,1
Оңтүстік Қазақстан	1,8	55,1	43,1	-
Астана қ.	7,7	46,2	32,7	13,5
Алматы қ.	4,3	80,6	13,3	1,9

Жауап берген жас өзге ұлт өкілдеріне қарағанда жас қазақ және орыс ұлтының өкілдері жиі ерікті болады екен.

Жауап беруші 24 жастан 29 жасқа дейінгі жастарға қарағанда 23 жасқа дейінгі жастар, әдетте бұл оқушы жастар, жиі еріктілік қызметтердің қатысушысы болады екен (32 кесте).

Сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі: «Сіз еріктілер туралы білесіз бе немесе естуіңіз бар ма?» (ұлттар арасында, %)

	қазақтар	орыстар	Өзге ұлттар
Иә, белсенді қатысушы - ерікті болдым/қазір еріктілер қатарындамын	5,3	5,7	3,8
Иә, естуім бар, бірақ ешқашан қатысқан емеспін	58,7	67,8	60,3
Жоқ, бірінші рет естіп отырмын	31,2	21,7	33,2
Жауап беруге қиналамын	4,9	4,7	2,7

Сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі: «Сіз еріктілер туралы білесіз бе немесе естуіңіз бар ма?» (жас ерекшеліктер жағынан, %)

	14 жастан 18 жасқа дейін	19жастан 23 жасқа дейін	24 жастан 29 жасқа дейін
Иә, белсенді қатысушы - ерікті болдым/қазір еріктілер қатарындамын	6,2	6,4	3,8
Иә, естуім бар, бірақ ешқашан қатысқан емеспін	56,0	60,6	63,9
Жоқ, бірінші рет естіп отырмын	32,2	28,2	28,5
Жауап беруге қиналамын	5,6	4,9	3,8

Еріктілік тәжірибесі бар сауалнама қатысушаларына «Сізді ерікті болуға не итермеледі?» деген сұраққа жауап беру сұралды. Жауап берушілердің 40,0% басқаларға көмектесу ынтасы, 16,3% өмірлік тәжірибе алу жоспары, ал жауап беруші жас адамдардың 14,7% болып жатқан жағдайларға деген жауапкершілік сезімі деп жауап берді.

Бұл ретте жауап берушілердің үштен бір бөлігінен көбі оларды ерікті болуға не итерлемегені жайлы жауап беруге қиналғанын – 34,2% (18 диаграмма) атап өткен жөн.

18 диаграмма

Сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі: «Айтыңызшы, Сізді ерікті болуға не итермеледі?» (%)



Жауап беруші жастардың жартысынан көбі еріктілер қызметімен айналысқысы келетіндерін жасырмады – 57,7%. Олардың ішінде «иә, бірақ ерікті болуға қазір бос уақытым жоқ» деп үштен бір бөлігінен көбі белгіледі (31,9%), сыйақы үшін ерікті болуға 14,4% келіседі (бірақ еріктілік ешбір материалдық төлемдердің болуын талап етпейді). Жауап беруші 14 жастан 29

жасқа дейінгі жастардың тағы 11,4% ерікті болу үшін қайда баратындарын білмейді.

Еріктілік қызметімен айналысқысы келмейтін жауап берушілерді жеке атап өту керек. Сауалнамаға қатысқандардың 22,3% еріктілік қызметімен айналысқысы келмейтіндер, өйткені бұл істі олар қызықты емес деп санайды, ал жауап берушілердің 8,4% «жоқ, өйткені бұл бос әурешілік» (19 диаграмма).

19 диаграмма

Сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі: «Сіздің еріктілер қызметімен айналысқыңыз келеді ме?» (%)



Жастарына қарамастан жастар еріктілік қызметке қызығушылық танытады. Бірақ, еріктілікпен айналыспаудың түрлі себептерін айтып бағуда. Атап айтсақ, 14 жастан 18 жасқа дейінгі жауап берушілердің 19,0% ерікті болғысы келетіндерін, бірақ қайда барып жүгінетіндерін білмейтіндерін алға тартады, ал 24 жастан 29 жасқа дейінгі жауап берушілердің 34,2% бос уақыттары жоқ, бірақ еріктілікпен айналысқысы келетіндерін айтып ақталды (34 кесте).

Жауап беруші 19 жастан 23 жасқа дейінгі жастардың ширегі еріктілік қызметімен айналысқысы келмейтіндер, өйткені бұл істі олар қызықты емес деп санайды.

Сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі: «Сіздің еріктілер қызметімен айналысқыңыз келеді ме?» (жас ерекшеліктер жағынан, %)

	14 жастан 18 жасқа дейін	19 жастан 23 жасқа дейін	24 жастан 29 жасқа дейін
Иә, бірақ қайда бару керек екенін білмеймін	19,0	9,8	7,3
Иә, бірақ бос уақытым жоқ	26,8	33,4	34,2
Иә, егер сыйақы берілсе	14,3	14,7	14,3
Жоқ, себебі бұл бос әурешілік	7,4	7,0	10,1
Жоқ, себебі бұл мені қызықтырмайды	19,9	24,4	22,4
Басқа	-	0,4	0,3
Жауап беруге қиналамын	12,7	10,3	11,3

Сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі: «Сіздің еріктілер қызметімен айналысқыңыз келеді ме?» (ұлттар арасында, %)

	қазақтар	орыстар	Өзге ұлттар
Иә, бірақ қайда бару керек екенін білмеймін	12,2	10,0	8,2
Иә, бірақ бос уақытым жоқ	31,7	33,7	29,3
Иә, егер сыйақы берілсе	14,6	14,7	12,5
Жоқ, себебі бұл бос әурешілік	8,4	7,2	10,9
Жоқ, себебі бұл мені қызықтырмайды	21,3	21,9	31,0
Басқа	0,2	0,2	0,5
Жауап беруге қиналамын	11,7	12,2	7,6

Сауалнама нәтижелері көрсеткендей ағымдағы жылы жастардың шараларға қатысудың ең таралған формасы – бұл сенбіліктер мен аймақтарды жинастыру бойынша акцияларға қатысу, жасыл желекті отырғызуға қатысу, осы шараларға жауап берушілердің 57,4% қатысты. Екінші жастардың осы жылы «танымал» қатысу формасы – бұл Қазақстан Президентін сайлау күні дауыс беруге қатысу болып табылады (26,3%).

Сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі: «Айтыңызшы, Сіз соңғы жыл ішінде төменде көрсетілген шараларға қатыстыңыз ба?» (%)

	%
Сенбілік, қоқыс жинау, жасыл желекті отырғызуға қатысу	57,4
РК Президентін сайлауға қатысу	26,3
Біздің қалада/ауданда/ ауылда өткен спорттық жаппай жарыстарға қатысу	14,1
Өз ауданыңыздағы зейнеткерлерге, ардагерлерге, жетімдерге, тұрмыс нашар жандарға көмек көрсету	13,5
Айтулы мемлекеттік оқиғаларға арналған флеш-мобтар, акцияларға қатысу	11,9
Балалар алаңы, спорттық алаң салуға, үй ауласының аймағын жақсартуға қатысу	7,5
Үй ауласының клубына ашу және оның қызметіне араласу	5,2
Жаппай әлеуметтік зерттеулер мен ғылыми зерттеулерге қатысу	4,6
Жануарлар баспаналарына көмек көрсету, көшеде жалғыз қалдырылған жауарларға қамқорлық жасау	4,3
Облыс, қала, село әкімдерінің есептік кездесулеріне, Мәжіліс депутаттарымен кездесулерге қатысу	3,9
ПИК, ЖСК қызметіне, түрлі мұқтаждыққа мақсатты қаржыны жинауға, үй тұрғындарының бастамасын дамытуға атсалысу	3,4
Жастар ұйымдарының қызметіне араласу	3,1
Наразылық акцияларына қатысу	1,3
Шараларға қатысқан емеспін	5,9
Жауап беруге қиналамын	11,7

* сомасы 100% тең емес, өйткені сұраққа жауап берушілерге жауаптың бірнеше нұсқасын таңдауға мүмкіндік берілді

Жауап беруші жастардың 13,5% зейнеткерлер, ардагерлер мен басқа да мұқтаж адамдарға көмектескен.


Спорттық шараларға осы жылы жауап берушілердің 14,1% қатысты, ал 11,9% флешмобтарға қатысты, осы шараның жастар арасында танымалдылыққа ие болып, өзінің тиімділігі мен оң нәтижелерін көрсетуде.

4.3 Жастар арасындағы наразылық әлеуеті

Зерттеу нәтижелері бойынша **жастар арасындағы наразылық әлеуеті төмен деңгейді көрсетіп отыр.** Осылай жауап берушілердің басым көпшілігі, атап айтсақ **72,5% олардың тұрақты мекенжайы бойынша наразылық акциясының болу мүмкіншілігі жоқ немесе болмайды деп ойлаймын деп есептейді.**

Наразылық акциясының болу мүмкіндігі туралы оң жауаптарының қосынды көрсеткіші 18,0% құрады. Оның ішінде «әлбетте иә» деген жауап нұсқасын жауап берушілердің 4,8% белгіледі (20 диаграмма).

Сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі: «Сіз қалай есептейсіз, қазір Сіз тұрып жатқан елдімекеніңізде наразылық акцияларының пайда болу қауіпі бар ма?» (%)



Сауалнама нәтижелерінің негізінен алынған сызбалы наразылық акциясының болу мүмкіндігінің аймақтық кесіндісі наразылық акцияларының өздерінің елдімекендерінде болу мүмкіндігін жоғары бағалайтындар Атырау («әлбетте, иә» және «қауіп бар деп ойлаймын») жауап нұсқаларының қосындысы - 27,9%), Жамбыл (44,1%), Қарағанды (28,4%) және Қызылорда (50,6%) облыстарында және Алматы қаласында (26,0%) тұратындарын көрсетеді.

37 кесте

Сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі: «Сіз қалай есептейсіз, қазір Сіз тұрып жатқан елдімекеніңізде наразылық акцияларының пайда болу қауіпі бар ма?» (облыстар бойынша, %)

	Әлбетте	Қауіп бар деп ойлаймын	Жоқ деп ойлаймын	Мүлдем жоқ деп есептеймін	Жауап беруге қиналамын
Ақмола	1,3	12,8	46,2	15,4	24,4
Ақтөбе	6,9	18,6	47,1	16,7	10,8
Алматы	0,5	13,5	50,7	28,4	7,0
Атырау	4,4	23,5	36,8	20,6	14,7
Шығыс Қазақстан	4,1	8,3	32,4	32,5	22,8
Жамбыл	18,2	25,6	26,4	27,3	2,5
Батыс Қазақстан	1,4	8,3	34,7	44,4	11,1
Қарағанды	7,9	20,5	44,4	23,2	4,0
Қостанай	2,1	7,4	34,7	51,6	4,2
Қызылорда	18,0	32,6	29,2	12,4	7,9
Манғыстау	2,7	9,6	31,5	47,9	8,2
Павлодар	1,3	2,5	48,1	43,0	5,1
Солтүстік Қазақстан	-	-	35,7	51,8	12,5
Оңтүстік Қазақстан	0,6	4,4	41,3	53,4	0,3
Астана қ.	4,8	8,7	47,1	19,2	20,2
Алматы қ.	6,6	19,4	39,3	17,1	17,5

Наразылық акциясының болу мүмкіндігін төмен – Батыс Қазақстан, Қостанай, Манғыстау, Солтүстік Қазақстан және Оңтүстік Қазақстан облыстарының жастары бағалайды (37 кесте).

Пікіртерім нәтижелері көрсеткендей өзге ұлттар өкілдеріне қарағанда (10,2%) жауап беруші қазақ ұлтының жастары өздерінің елдімекендерінде жиі наразылық акциясының болу мүмкіндігі туралы белгілейді екен (19,7%), (38 кесте).

38 кесте

Сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі: «Сіз қалай есептейсіз, қазір Сіз тұрып жатқан елдімекеніңізде наразылық акцияларының пайда болу қауіпі бар ма?» (ұлттар арасынан, %)

	Қазақтар	Орыстар	Өзге ұлттар
Әлбетте	5,9	2,0	1,6
Қауіп бар деп ойлаймын	13,8	13,0	9,2
Жоқ деп ойлаймын	40,4	37,7	43,5
Мүлдем болмайды деп есептеймін	30,2	35,9	40,8
Жауап беруге қиналамын	9,7	11,5	4,9

Егер зерттеу нәтижелеріне жас ерекшеліктері жағынан қарайтын болсақ, онда наразылық акциясының болу мүмкіндігі туралы ересек жастар арасынан гөрі (15,2%) жиі 14 жастан 18 жасқа дейінгі жастар (20,6%) және 19 жастан 23 жасқа дейінгі жастар (19,2%) белгілейді екен (39 кесте).

39 кесте

Сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі: «Сіз қалай есептейсіз, қазір Сіз тұрып жатқан елдімекеніңізде наразылық акцияларының пайда болу қауіпі бар ма?» (жас ерекшеліктер жағынан, %)

	14 жастан 18 жасқа дейін	19 жастан 23 жасқа дейін	24 жастан 29 жасқа дейін
Әлбетте	5,8	4,3	4,4
Қауіп бар деп ойлаймын	14,8	14,9	10,8
Жоқ деп ойлаймын	39,6	38,0	42,0
Мүлдем болмайды деп есептеймін	30,8	34,0	32,2
Жауап беруге қиналамын	9,0	8,8	10,6

4.4 Жастар арасындағы көші-қон жағдайы


Жауап беруші жастардың жартысынан көбі өздерінің қазіргі мекенжайын болашақта ауыстыруды жоспарламайды (60,7%).

Көшу туралы жоспарымен 14 жастан 29 жасқа дейінгі жауап беруші жастардың 36,3% бөлісті. Олардың ішінде жауап берушілердің 15,5% Қазақстанның басқа аймағына көшкісі келетіндерін ортаға салды, жауап берушілердің 9,7% өз облыстарында қалуды жоспарлар отыр, бірақ басқа елдімекенге көшкісі келетіндерін жасырмады.

Жауап беруші жастардың 11,2% Қазақстаннан басқа елге көшкісі келетіндерін белгілегендерін атап өту қажет (21 диаграмма).

21 диаграмма

Сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі: «Сіздің қазір тұрып жатқан жеріңізден көшу ойыңызда бар ма?» (%)



Көші-қон көзқарасы жоғары деңгейі Ақтөбе, Атырау, Қарағанды, Қызылорда, Солтүстік Қазақстан облыстарында орын алған. Атырау облысында жауап берушілердің 38,2% осы облыстың басқа елдімекеніне кетеді деп белгілеген, бұл Қазақстанның басқа облыстарымен салыстырғанда облыс ішіндегі ең жоғары көші-қон көрсеткіші болып табылады.

Қазақстанның басқа аймағына көшкісі келетіндердің үлесі басқа облыстарға қарағанда Атырау (19,1%), Қарағанды (19,2%), Қызылорда (29,2%), Солтүстік Қазақстан (28,6%) облыстарында төмен (40 кесте).

Басқа елге көшуді жиі Ақтөбе (20,6%), Қарағанды (25,2%) және Солтүстік Қазақстан (23,2%) облыстарында ойланады.

Төмен көш-қон көзқарасы Астана мен Алматы қалаларында, сондай-ақ Алматы және Жамбыл облыстарында байқалады.

Сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі: «Сіздің қазір тұрып жатқан жеріңізден көшу ойыңызда бар ма?» (облыстар бойынша, %)

	Қазақстанда тұрып жатқан облыстың шеңберінде басқа жерге көшу ойым бар	Қазақстанның басқа аймағына көшкім келеді	Басқа елге көшкім келеді	Менің басқа жерге көшу деген ойым жоқ	Жауап беруге қиналамын
Ақмола	21,8	7,7	1,3	64,1	5,1
Ақтөбе	6,9	15,7	20,6	56,9	-
Алматы	6,5	6,0	6,5	80,0	0,9
Атырау	38,2	19,1	8,8	30,9	2,9
Шығыс Қазақстан	6,9	15,2	14,5	53,1	10,3
Жамбыл	3,3	16,5	9,1	70,2	0,8
Батыс Қазақстан	19,4	12,5	12,5	55,6	-
Қарағанды	13,2	19,2	25,2	36,4	6,0
Қостанай	14,7	8,4	13,7	63,2	-
Қызылорда	12,4	29,2	4,5	44,9	9,0
Манғыстау	11,0	17,8	11,0	56,2	4,1
Павлодар	10,1	11,4	10,1	62,0	6,3
Солтүстік Қазақстан	-	28,6	23,2	44,6	3,6
Оңтүстік Қазақстан	6,7	23,2	8,8	61,0	0,3
Астана қ.	2,9	12,5	8,7	71,2	4,8
Алматы қ.	6,6	8,5	8,1	74,9	1,9

Зерттеу нәтижелері бойынша жауап беруші қазақ ұлтының жастарына карағанда (6,7%) орыс және өзге ұлт өкілдері өте жиі басқа елге көшу туралы ой қозғайтын болып шықты (сәйкесінше 22,9% және 19,6) (41 кесте).

Сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі: «Сіздің қазір тұрып жатқан жеріңізден көшу ойыңызда бар ма?» (ұлттар арасында, %)

	қазақтар	орыстар	Өзге ұлттар
Қазақстанда тұрып жатқан облыстың шеңберінде басқа жерге көшу ойым бар	10,0	9,7	7,1
Қазақстанның басқа аймағына көшкім келеді	17,3	9,2	15,2
Басқа елге көшкім келеді	6,7	22,9	19,6
Менің басқа жерге көшу деген ойым жоқ	63,0	54,1	56,5
Жауап беруге қиналамын	3,0	4,0	1,6

14 жастан 18 жасқа дейінгі жауап беруші жастар ересек жастарға карағанда өздерінің басқа елге көшкісі келетіндерін жиірек белгілейді екен.

24 жастан 29 жасқа дейінгі жастар жиі «менің басқа жерге көшу деген ойым жоқ» деген жауап нұсқасын тандайды (42 кесте).

Сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі: «Сіздің қазір тұрып жатқан жеріңізден көшу ойыңызда бар ма?» (жас ерекшеліктер жағынан, %)

	14 жастан 18 жасқа дейін	19 жастан 23 жасқа дейін	24 жастан 29 жасқа дейін
Қазақстанда тұрып жатқан облыстың шеңберінде басқа жерге көшу ойым бар	9,7	9,5	9,7
Қазақстанның басқа аймағына көшкім келеді	13,4	18,0	15,1
Басқа елге көшкім келеді	13,2	11,3	9,6
Менің басқа жерге көшу деген ойым жоқ	60,6	57,0	63,5
Жауап беруге қиналамын	3,2	4,3	2,1

Өз елдімекенін ауыстырғысы келетін сауалнама қатысушыларына осындай көшудің себептері туралы сұрақ қойылған болатын. Жауап берушілердің үштен бір бөлігіне жуығы (29,9%) тұрақты мекенжайын ауыстырғысы келеді, өйткені өзінің және балаларының болшағын көріп тұрған жоқ. «Жеке себептер» жауап нұсқасын жауап берушілердің 26,7% белгіледі.

Еңбекке орналасу себебін жауап берушілердің 21,3% белгіледі, олар тұрақты мекенжайы бойынша жұмыс таба алмады немесе басқа елдімекенде жұмысқа орналасты.

Басқа қалада немесе елде білім алғысы келетіндер жауап берушілердің 18,2% таңдады. Нашар экологияны көшудің себебі ретінде белгілеген жауап берушілерді жеке атап өткен дұрыс (43 кесте).

Сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі: «Неліктен Сіз көшуді жоспарлап отырсыз?» (%)

	%
Өзімнің және/ немесе балаларымның болшағын көріп тұрған жоқпын	29,9
Жеке себептермен	26,7
Бұл жерде жұмыс таппадым, басқа қалада жұмыс таптым	21,3
Басқа қалада/елде білім алғым келеді	18,2
Нашар экология	17,7
Менің елдімекенім аудандық/облыстық орталықтан алыс жерде орналасқан	9,9
Өз этностық тобымның (ұлттың) келешегін көріп тұрған жоқпын	9,9
Менің елдімекенімде мектептер/ауруханалар/ жолдар/ бала-бақшалар және т.т. жетіспейді	6,2
Тарихи отаныма қайтқым келеді	2,4
Біздің елдімекенде қылмыстылықтың деңгейі өте жоғары	2,3
Басқа себептер (ұлтшылдық, сыбайлас жемқорлық, өз-өзімді жетілдіргім келеді және т.т.)	0,9
Жауап беруге қиналамын	9,3


Ұлттық сипаттағы мәселелерді себеп ретінде белгілеген 9,9% жауап берушілер үшін маңызды болды.

Әрі қарай сауалнама қатысушылары үшін өзге елге бару мүмкіндігі болған жағдайда олардың қалауы қандай болатыны сұралды. 14 жастан 29 жасқа дейінгі жастардың басым көпшілігі өз елін, яғни Қазақстаннан көшкісі келмейтіндері (57,5%) белгілі болды. Жауап берушілердің ширектен көбі (26,4%) басқа елге уақытша барғысы келетіндерін, бірақ тұрақты Қазақстанда тұрғысы келетіндерін жасырмады.

Басқа елге көшуді бірқалыпты шешім қабылдаған жауап берушілердің 11,9% құрады (22 диаграмма).

22 диаграмма

Сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі: «Егер Сіздің басқа елге көшуге немесе өз еліңізде қалуға мүмкіндігіңіз болса Сіз нені тандар едіңіз?» (в %)



Тарау бойынша қорытындылар

1. Жауап берген қазақстандық жастар саяси өмірге қызығушылық танытқанмен, бұл қызығушылық үстіртін сипатқа ие және саяси үрдістер туралы нақты түсінікке ие емес. Осындай жағдай жауап берушілердің жас ерекшеліктерімен түсіндірілуі мүмкін.

2. Елдің саяси өміріндегі жастардың рөлі туралы айтқан уақытта басты рөл қазіргі күні зерттеу нәтижелеріне сәйкес – бұл сайлау кезінде дауыс беруге белсенді қатысу болып табылады (48,4%). Жастар елдің саяси өміріне еш ықпал етпейді деген пікірді жауап берушілердің 15,8% ұстанады.

3. Жауап берушілердің басым көпшілігі (76,3%) қоғамдық қызметке, елдің өміріне қатыспайды.

4. Қоғамдық жұмыспен араласатындар арасында көпшілігі спорттық, жастар немесе ұлттық-мәдени ұйымдардың мүшелері болып табылады.

5. Қоғамдық қызметке қатысудың басты итермелейтін фактор – қоғамға пайдасын келтіру ынтасы (37,6%) және жұмыс тәжірибесін және өмірлік тәжірибе жинау мүмкіндігі (30,2%) болып табылады.

6. Еріктілік жастар арасында жаңадан пайда болған құбылыс, ол жастар арасында танымалдылыққа ие. Жауап беруші жастардың 66,0% еріктілік туралы біледі немесе естуі бар.

7. Сауалнама нәтижесі бойынша ерікті болудың ең басты себебі адамдарға көмектесу ынтасы болып табылады (40,0%). Бірақ жауап берушілердің үштен бір бөлігінен көбі өздерінің ерікті болудың себептерін атай алмады.

8. Жауап беруші жастардың жартысынан көбі еріктілік қызметімен айналысқысы келетіндер – 57,7%, бірақ олардың бос уақыттары жоқ, қайда баратындарын білмейді немесе еңбектеріне сыйақының болғанын қалайтындар.

9. Сауалнама нәтижелері көрсеткендей жастардың ағымдағы жылы қоғамдық ұйымдарға қатысудың басты таралған формасы – бұл сенбіліктер мен ауланы қоқыстан жинау және жасыл желекті отырғызу, осы шараларға қатысқандар саны жауап берушілердің 57,4% құрайды.

10. Зерттеу нәтижелері бойынша жастар арасындағы наразылық әлеуетінің деңгейі төмен көрсеткішке ие. Атап айтсақ, жауап берушілердің көпшілігі, нақты 72,5% олардың тұрақты мекенжайы бойынша наразылық акцияларын болу мүмкіндігі жоқ немесе болмайтын сияқты делінген.

11. Жауап беруші жастардың жартысынан көбі болашақта өздерінің қазіргі тұрып жатқан елдімекендерін тастап кетуді жоспарлап отырған жоқ (60,7%).

V тарау. ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫНЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

5.1 Жастардың құндылықтар бағдары

Жастар – бұл ерекше әлеуметтік топ, оның құндылықтар құрылымы қалыптасу үстінде. Осы сатыдағы мәдениет әлеуметтенудің негізгі агенті болып табылады, оның ішіне құндылықтар, нормалар, үлгілер және т.т. кіреді.

Жауап беруші жастардың басым көпшілігі үшін өмірдегі ең бастысы – бұл отбасылық бақыт (74,1%). Екінші орында жастардың құндылықтар рейтингінде денсаулық түр, осы нұсқаны жауап берушілердің 56,7% белгіледі. Және үшінші позицияға материалдық қамсызданушылық және байлық – 36,0% жатады.

Жауап беруші жастардың үштен бір бөлігіне жуығы өмірдегі ең маңыздысы сенімді достардың болуын белгіледі (29,8%).

Пікіртерімге қатысқан жас адамдардың 18,6% мансапты, қызықты жұмысты маңызды құрамы ретінде жауап берушілердің 14,2% белгіледі, жастардың 13,3% тәуелсіздік пен жеке бостандықты атады (44 кесте).

Маңыздылығы төмен ретінде ұсынылған тізім бойынша шығармашылық, өз таланттарын жүзеге асыру мүмкіндігі (6,5%), басқа адамдарға көмектесу мүмкіндігі (4,8%) және шынайы махаббат (3,6%) жауап нұсқасы таңдалды.

44 кесте

Сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі: «Сіздің пікіріңізше, адам өмірінде қандай құндылықтар ең маңызды болып табылады?» (%)

	%
Отбасылық бақыт	74,1
Денсаулық	56,7
Материалдық қамтушылық, байлық	36,0
Сенімді достар	29,8
Мансап	18,6
Қызықты жұмыс	14,2
Тәуелсіздік, жеке бостандық	13,3
Шығармашылық, өз таланттарын жүзеге асыру мүмкіндігі	6,5
Басқа адамдарға пайда әкелу мүмкіндігі	4,8
Шынайы махаббат	3,6
Танымалдылық, жалпының қадіріне ие болу	3,0
Билік, басшылықты мүмкіндік ету	2,4
Жауап беруге қиналамын	0,7

Егер жауап берушілердің ұлттық жағынан құндылықтардың маңыздылығын қарастыратын болсақ, онда жауап беруші барлық ұлт

өкілдері үшін маңызды болып отбасылық бақыт, денсаулық және материалдық қамсызданушылық деп айтуға болады.

Жауап берушілердің ұлттар бөліну жағынан құндылықтардың маңыздылығын жеке атап өту керек. Жауап беруші жас қазақ ұлтының өкілдері үшін сенімді достардың болуы, танымалдылық пен жалпының қадіріне ие болу, билік пен басшылық мүмкіндік ету. «Отбасылық бақыт» және «денсаулық» жауап нұсқаларын орыс ұлт өкілдері жиі белгілейді. Өзге ұлттардың өкілдері материалдық қамтамасыздану, қызықты жұмыс және басқа адамдарға пайда әкелу деген жауап нұсқаларын таңдап ерекшеленді.

45 кесте

Сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі: «Сіздің пікіріңізше, адам өмірінде қандай құндылықтар ең маңызды болып табылады?» (ұлттар арасында, %)

	Қазақтар	Орыстар	Өзге ұлттар
Отбасылық бақыт	72,7	78,3	75,5
Материалдық қамтушылық, байлық	33,1	41,4	46,2
Сенімді достар	30,4	29,7	25,5
Тәуелсіздік, жеке бостандық	14,2	9,7	14,1
Денсаулық	56,4	57,9	56,5
Мансап	17,7	20,9	20,1
Танымалдылық, жалпының қадіріне ие болу	3,6	1,7	1,1
Билік, басшылық ету мүмкіндік ету	2,9	1,2	0,5
Шығармашылық, өз таланттарын жүзеге асыру мүмкіндігі	6,2	7,0	7,6
Қызықты жұмыс	12,6	15,5	23,4
Басқа адамдарға пайда әкелу мүмкіндігі	4,9	3,0	8,2
Шынайы махаббат	3,0	4,7	4,9
Жауап беруге қиналамын	0,8	-	0,5

Егер құндылықтардың маңыздылығын жауап берушілердің жас ерекшеліктері жағынан қарастыратын болсақ, онда 14 жастан 18 жасқа дейінгі ең жас жауап берушілері үшін маңызды сенімді достар аталады (37,5%), тәуелсіздік пен жеке бостандық (15,7%) және шығармашылық пен өз таланттарын жүзеге асыру мүмкіндігі болып табылады (9,2%).

19 жастан 23 жасқа дейінгі жастағы жауап берушілер – танымалдылық және жалпының қадіріне ие болу (4,3%) және шынайы махаббат (4,7%) деген жауаптарымен ерекшеленді.

Өзге ұлтының өкілдері басқаларға қарағанда жиі отбасылық бақыт, материалдық қамтушылықты және денсаулықты таңдайды екен.

Сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі: «Сіздің пікіріңізше, адам өмірінде қандай құндылықтар ең маңызды болып табылады?» (жас ерекшеліктері жағынан, %)

	14 жастан 18 жасқа дейін	19 жастан 23 жасқа дейін	24 жастан 29 жасқа дейін
Отбасылық бақыт	71,1	71,7	78,0
Материалдық қамтамасыздану, байлық	28,2	37,2	40,6
Сенімді достар	37,5	28,8	25,2
Тәуелсіздік, жеке бостандық	15,7	13,6	11,4
Денсаулық	56,2	53,0	59,8
Мансап	19,0	18,8	18,0
Танымалдылық, жалпының қадіріне ие болу	2,8	4,3	2,2
Билік, басшылық ету мүмкіндік ету	2,1	2,8	2,2
Шығармашылық, өз таланттарын жүзеге асыру мүмкіндігі	9,2	6,7	4,5
Қызықты жұмыс	13,0	14,7	14,5
Басқа адамдарға пайда әкелу мүмкіндігі	5,1	5,1	4,4
Шынайы махаббат	3,3	4,7	2,8
Жауап беруге қиналамын	0,4	1,1	0,4

Жауап берушілердің гендерге байланысты құндылықтар құрылымындағы кейбір айырмашылықтарды атап өту орынды. Жауап беруші әйелдер дәстүрлі және олар үшін өте маңызды болып саналатын жауап нұсқаларына отбасылық бақыт, денсаулық, шығармашылық және шынайы махаббатты белгілейді. Жауап беруші еркектер үшін көп деңгейде сенімді достар және қызықты жұмыс жатады (47 кесте).

Сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі: «Сіздің пікіріңізше, адам өмірінде қандай құндылықтар ең маңызды болып табылады?» (гендерлік жағынан, %)

	Ерлер	Әйелдер
Отбасылық бақыт	71,9	76,2
Материалдық қамтамасыздану, байлық	36,7	35,3
Сенімді достар	32,4	27,2
Тәуелсіздік, жеке бостандық	13,1	13,5
Денсаулық	55,1	58,3
Мансап	18,6	18,5
Танымалдылық, жалпының қадіріне ие болу	2,7	3,3
Билік, басшылық ету мүмкіндік ету	2,7	2,0
Шығармашылық, өз таланттарын жүзеге асыру мүмкіндігі	5,8	7,2
Қызықты жұмыс	14,4	13,9
Басқа адамдарға пайда әкелу мүмкіндігі	5,2	4,4
Шынайы махаббат	2,2	4,9
Жауап беруге қиналамын	0,7	0,5

Көпшілік үшін маңызды болып отбасылық бақыт болып табылады дегенмен зерттеу нәтижелері қазақстандық жастарының өмірлік

алғышарттарында біліммен және кәсіптік қызметпен байланысты құндылықтар басымдыққа ие екенін көрсетіп отыр. Алдымыздағы үш жыл ішінде жауап беруші жастардың 34,5% білімге көңіл аударғысы келетіндерін, тағы үштен бір бөлігі мансабын дамытуды (29,0%) көздейді екен.

Отбасылық өмірге жауап беруші жастардың 23,7% көңіл аударғысы келетіндерін жасырмады (23 диаграмма).

23 диаграмма

Сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі: «Алдыңыздағы үш жылда Сіз неге назарыңызды молынан аударғыңыз келеді?» (%)




5.2 Білім жүйесіндегі өзгерістерді бағалау

Сауалнама шеңберінде жастарға жалпы орта білім беру жүйесіндегі жаңа өзгерістерге қатысты сұрақтар қойылды. Зерттеу нәтижелері келесіні көрсетіп отыр, жауап берушілердің 37,7% «10-11 сыныптардағы пәндер (биология, химия, физика, информатика) ағылшын тілінде қай жылдан бастап жүргізілетінін білесіз бе?» деген сұраққа нақты жауап бере алмады.

Жауап беруші жастардың 23,3% пәндердің ағылшын тілінде берілуі 2017-2018 оқу жылынан және 17,2% – 2018-2019 оқу жылында басталады деп санайды.

Жауап берушілердің тек 11,5% «2019-2020 оқу жылынан» басталады деген жауап нұсқасын белгіледі, яғни дұрыс хабардар болып отыр (24 диаграмма).


Сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі: «10-11 сыныптардағы пәндер (биология, химия, физика, информатика) ағылшын тілінде қай жылдан бастап жүргізілетінін білесіз бе?» (%)



Сауалнама нәтижелері келесіні көрсетіп отыр, көпшілігі өздері білім алып жатқан мектебінде орыс (оң жауаптарының қосынды көрсеткіші 85,1%) және қазақ тілдерінің (81,6%) берілуіне қанағаттанады.

Ағылшын тілінің берілуіне қатысты қанағаттану жағдайы келесідей болып отыр. Жауап берушілердің 64,0% ағылшын тілінің берілуімен қанағаттанады, ал жауап берушілердің үштен бір бөлігі (30,5%) қанағаттанбайды (24 диаграмма).

Сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі: «Сіз оқыған кезде Сіздің немесе балаңыз оқитын мектепте қазақ, орыс және ағылшын тілдерін оқыту үрдісіне қаншалықты қанағатсыз?» (%)



Жауап берушілердің айтарлықтай көпшілігі орта мектептердің оқушылары ағылшын тілін бастапқы сыныптардан меңгере бастау сынды әлдебір өзгерістерді қолдайды – 72,4%. Оның ішінде сауалнама қатысушыларының 43,9% бастауыш сыныптарында ағылшын тілін оқу тілді тегін үйренуге мүмкіндік береді деп санайды, ал қатысушылардың 28,5%

қолдайды, алайда бұл бастауыш сынып оқушыларына айтарлықтай жүк түсіретінін түсінеді.

Жауап берушіл жастардың 21,8% ағылшын тілін бастауыш сыныптарда оқуды қолдамайды. Олардың көпшілігі мектеп бағдарламасын меңгеру онсызда қиынға соғады деп санайды (16,4%). Сауалнамаға қатысушылардың 2,2% ағылшын тілі қазақ тілін ысырап тастау себебінен, оны білу деңгейіне алаңдаушылық танытады және 3,2% балалары тек орыс және қазақ тілін білулері тиіс деп белгіледі (48 кесте).

48 кесте

Сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі: «Орта мектептің оқушылары бастауыш сыныптардан бастап ағылшын тілін меңгерулеріне қалай қарайсыз?» (%)

	%
Қолдаймын, бұл ағылшын тілін ақысыз оқудың мүмкіндігі	43,9
Қолдаймын, алайда бұл бастауыш сынып оқушыларына айтарлықтай жүк түсіретінін түсінемін	28,5
Қолдамаймын, бастауыш сынып оқушылары үшін мектеп бағдарламасын меңгеру қиынға соғады	16,4
Қолдамаймын, ағылшын тілі қазақ тілін ауызекі сөйлеуден ысырап тастайды	2,2
Қолдамаймын, мен балаларымның қазақ және орыс тілдерін білгенін қалаймын	3,2
Жауап беруге қиналамын	5,9

Тарау бойынша қорытындылар

1. Адамның өмірлік мақсаттарын анықтайтын құндылықтар бағдары адам үшін ең маңызды болып табылатын және жеке тұлғалық маңызға ие екенін көрсетеді. Заманауи қазақстандық жастарының өмірлік құндылықтар жүйесі мен ниеттері келесідей.

2. Бес маңызды құндылықтар тобына жастардың пікірі бойынша отбасы, денсаулық, достар, материалдық сәттілік және мансап жатады. Негізгі өмірлік тілектеріне жастар сапалы білім, мансаптың дамуын және отбасылық бақытты жатқызады.

